

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

ҚЫзылорда



# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№2 (14)  
2017

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

**«Болашақ»  
университетінің  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК  
университета  
«Болашак»**

---

**Қызылорда**

**№2 (14)**

**2017**

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МУРАФАТ КОМИТЕТИНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН, КУӘЛІК №  
14158-Ж**

**Бас редактор** – Досманбетов Б.С., КР Үлттық Фылым Академиясының академигі, экономистика ғылымдарының докторы, профессор;

**Бас редактордың орынбасары** – Үмбетов Ө.Ү., техника ғылымдарының докторы, профессор;

**Жауапты редактор** – Ибрагимова Н.Ж., педагогика ғылымдарының кандидаты

---

**Журнал 2014 жылдан бастап жарық көрді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.**

---

«Болашак» университетінің Хабаршысы іргелі және колданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялады.

---

**Редакция алқасы:**

Ким И.Л., экономистика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Нұрымов Д.И., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Насимов М.Ә., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаuletova A.Ә., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Свечников В.В., техника ғылымдарының кандидаты, профессор;

Шураева С.Н., экономистика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жомартқызы М., зан ғылымдарының кандидаты;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ф.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Есенова Р.Қ., педагогика ғылымдарының магистри.

**Техникалық редактор:** Алтынбеков Ш.Ғ.

**Жауапты шыгарушы:** Алтынбеков Ш.Ғ.

---

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ**  
**№2 (14), 2017**

---

Басуға 29.12.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 5,4 б.т. Офсетті қағаз.  
Тапсырыс №167. Таралмы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Абай  
даңғылы, 31 «Болашак» университеті баспаханасында басылды.

---

## МАЗМҰНЫ

### САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

<b>Арғынбекова Г.И.</b> СЕРӘЛІ ЛАПИННИЦ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	5
<b>Насимов М.Ә.</b> САЯСАТТАНУДЫҢ НЫСАНЫ МЕН ПӨНІ.....	9
<b>Паридинова Б.Ж.</b> АҚИҚАТ ТҮСІНГІНІҢ МӘНІ.....	15
<b>Рахманова М.М.</b> ГЛАВА ГОСУДАРСТВА - ОПОРА НАЦИИ.....	21
<b>Каденова Г.С., Жұбаниязова В.А., Кипшакбаев К.З.</b> ТҰҒЫРЫ БИК – ШАХМАРДАН.....	24
<b>Досманбетова Г.С., Тоқсанбаева А.А., Қаликанова А.Қ.</b> ЕЛБАСЫ - ҮЛТ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ.....	28
<b>Боранқұлова Г.А., Нұргалиева Б.К.</b> ҮЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ФЫЛЫМ.....	33

### ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

<b>Бердібаева Г.Г.</b> БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУДА ТЁРБИЕЛЕУ – ОҚЫТУ УДЕРІСІН ҮЙІМДАСТАЫРУ.....	42
<b>Сұнқарбаева А.Ғ.</b> МЕЙІРБИКЕЛІК ІСТИҢ МАҚСАТЫ.....	48

### ФИЛОЛОГИЯ

<b>Серібаева Ж.М., Узакова Б.Б.</b> БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТТІҢ ТАЛДАНЫ.....	52
<b>Atazhanova Z.M., Oralbaeva G.S., Myrzakozhaeva Z.S.</b> LEXICO-SEMANTIC STRUCTURES OF SUBSTANTIVISED ELLIPTICAL SENTENCES EXPRESSED WITH PROVERBS AND SAYINGS IN KAZAKH AND THEIR EQUIVALENTS IN RUSSIAN- ENGLISH LANGUAGES.....	58

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

<b>Жанзақов М.М., Бегалиев Қ.Б., Оралбай А.</b> СЫР ӨҢПІНДЕГІ ҚАУЫННЫҢ СЕЛЕКЦИЯСЫ.....	64
<b>Жанзақов М.М., Мұслимова Д.</b> ӨСІМДІКТЕР СЕЛЕКЦИЯСЫНДА ПОЛИПЛОИДИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ.....	70

### ТЕХНИКАЛЫҚ ФЫЛЫМДАР

<b>Абиева Г.С., Жакыпова Г.М., Әбжаппар Д.Қ.</b> БЕТОННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЫЛУТЕХНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЖАҚСАРТУ ҮШІН МУНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫН КҮКІРТ ОРЫНЫНА ҚОЛДАНУ.....	77
--	----

### ФЫЛЫМИ ӨМІР

<b>Насимов М.Ә.</b> ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ФЫЛЫМИ ИЗДЕНІСТЕР.....	84
---	----

**САЯСАТТАНУ, ТАРИХ, ӘЛЕУМЕТТАНУ,  
ДИНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

## СЕРӘЛІ ЛАПИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

*Арғынбекова Гулнар Ишанбекқызы,  
заң ғылымдарының кандидаты,  
«Болашақ» университеті*

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы тұған өнір есінде қалған ұлт жолындағы еңбегін аямаған перзентердің аз емес екендігін еске түсіріп және осы тұлғалардың ұлт жолындағы елеулі еңбегің айқынданап ашуға, танып білуге, болашаққа мұра ретінде із қалдыруға мүмкіндік береді.

Сыр елі, қасиетті де киелі өнір екені тарихка белгілі. Осы қастерлі топырақта Ұлы Корқыттың кіндік қаны тамып, өткен ғасырдың басында қазақ халқы жолында жеке басын тәуекелге бел буып көптеген ұлы қазақ зиялыштары, қайраткерлер дуниеге келген. Саяси шығармашылық қайраткерлік бағасы өз денгейінде бүгінгі күнде ашылып анықталмаған тұлға Серәлі Мұңайтпасұлы Лапиннің шығармашылық қызметін зерттеп зерделеуді қажет ететін уақыт келді деп ойлаймыз.

Қазақ халқының тарихында халқының қамы үшін құрескен азаматтардың ішінде Серәлі Лапиннің орнын ерекше айқынданап бүгінгі ұрпаққа тұлғаның қоғамдық-саяси, заң саласындағы шығармашылық бейнесін ашып айқындаумыз қажет. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі тұста, әділетсіз, орынсыз «халық жауы» деп жала жабылып, саяси құғын – сұргін көрген алаш азаматтары ақталып, баспа беттерінде тың, бағалы еңбектер жазылып, жариялануда.

Серәлі Лапин 1868 жылы Перовск уезі, Кентүп болысының 4-ші, қазіргі Қоғалықөл ауылында өз заманында елге белгілі, бойына береке дарыған атақты болыс Мұңайтпастың отбасында дүниеге келген. 20 жылға жуық болыс болған Мұңайтпас Ресей шенеуніктерімен дипломатиялық қарым-қатынас жасап араласа білген. Мұңайтпас балаларын окуға шетелге атап айтсақ Алмания, Ресейдің Петроград императорлық университетінде білім алуға окуға жіберіп жағдай жасаған. Болыстың ұлдары мен қыздары Ресейдің беделді жоғарғы оқу орындарында білім алған, сонын ішінде бір баласы Серәлі Мұңайтпасұлы Лапинның орны мен шығармашылық қызметі ерекше екендігін айтканымыз жөн деп санаймыз. Серәлі Лапин ауыл молдасынан алғаш араб тілінде сауат ашып білім алған. Одан кейін зерделі бала Перовскідегі З сыныптылық училишеде оқи жүріп ерекше көзге ілініп орыс тілін өте сауатты еркін менгереді.

Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын 1889 жылы бітіріп, сол Ташкент каласында орыс тілінен жергілікті қазақ турғындарының балдарына сабак берे бастайды.

Серәлі Лапин 1891 жылы Санк-Петербургте оқып, императорлық университеттің заң факультетін үздік бітіреді. Ол білікті заңгер ретінде жер, салықтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық катынастарды және азаматтарды құқықтық қорғау мәселелерін терең менгеріп қолдана білді. Сонымен қатар, Серәлі Лапиннің көп тілдерді менгеріп, аудармашылық қызметпенде айналысқаны белгілі. 1892 жылдары ол Самарқанд облыстық сотында аудармашылық қызметпен айналысып, 1893 жылы Самарқанд облыстық губернаторының әскери губернатор аудармашысы болып бүйрықпен қызметке тағайындалады. Осы қызметтерді жоғарғы деңгейде атқара білу арқасында ол үлкен сый-құрметке, іскерлік бедел мен абырайға ие болып, Самарқанд Сырдария облыстарындағы қызметімен қатар Ресейдің басты қалалары Мәскеу мен Петербуркте білімін шындалап, іс сапарларда болып өзін жоғары деңгейде танытқан. Аса жоғары қызметінің бағаланғаны үшін Лапинге колледждік регистратор атағы беріледі.

1900 жылдардан бастап Түркістан өлкесінің жастарына жетекшілік жасап, оларды Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алуға жол көрсетіп, оқуға апарып, білім алуға септігін тигізген. Серәлі Лапин 1917 жылға дейін адвокаттық қызмет аткарды. Осыншама жұмыстарды жүзеге асыра жүріп Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин еліміздің халық мұддесін қорғауды өзінің заңгер ретінде басты міндепті деп санайды. Жан-жақты құқық, заң жүйесі саласын терең менгерген иесі бола білуі мен қатар, ол сәулет өнерінің тарихы мен қыр-сырын зерттеу мен шығыс жәдігерлерінің көне архитектуралық ескерткіштердегі арабтың ежелгі оюлап жазуларды анықтап оқып, орысшаға аударып, ғылымға өз зор үлесін қости.

Ол шығыстану ғылымиында ең бірінші болып Самарқанд қаласындағы Гүр-Эмир, Шани-Зинда, Регистан саулет жәдігерлерінің қаланып салынған мерзімі мен оларды салдырған тұлғалардың, құрылыштың жүргізген ұсталарының есімдерін анықтаған. Серәлі Лапин, 13 мазардан тұратын бұл ескерткіш жәдігердегі жазбаларды түгел аударып авторлық енбек түрінде жариялады. Аталмыш кесенеге кірген кездегі жоғары тұсындағы жазуды Серәлі Лапин былай деп аударды: «Бұл әйгілі ғажап құрылышты 838 Хижра жылы бойынша Әмір Темір Көрегенің, Шахрух ұрпағы, Ұлықбек Көрегенің ұлы Абдулазиз хан салдырған». Осы жерде айта кететін жайт, Регистан саулет кешеніндегі Шер-Дор, Тіллә Қари медреселерін әйгілі қазақтың батыры әскери қолбасшы қоғам қайраткері, Самарқанд әмірі Жалаңтөс баһадурдің салдырғанын анықтады. Самарқандағы мұнаралармен шектескен мешіттің қабырғаларындағы көне араб

жазуларын басыннан аяғына дейін аударма жүргізіп ол хижраның 801 жылы құрылыштың біткені туралы анықтаған. Серәлі Лапинның жеке құрастыруымен дайындалған Самархандағы көне жәдігердегі араб жазулары аудармасы орыс тіліне өте сауатты шебер аударылғандығы назар аудартады. Сонымен қатар, Серәлі Мұңайтпасұлы «Шаһнама», «Тұрат әл-Хани» дастандарының қолы мен жазылған шығыс тіліндегі нұсқаларына қол жеткізіп, зерттеп шығыстану ғылымына маңызды, ерекше үлесін қосқаны белгілі. Осыншама қалдырған енбектерінің бүгінгі күнге мұра болып жеткендігі нәтижесінде Лапиннің мықты ғалым екендігін аңғарамыз.

Серәлі Лапинге дейін бұл ескерткіштегі көне жәдігер жазуларды анықтап аудару жағдайы бірқатар ғалымдарды ойландырғаны анық, себебі бұл ежелгі араб жазулары үлкен тарихи бастауы, қайнар көз ретінде шексіз маңызды екенін ұғынғандары белгілі.

Серәлі Лапиннің шығармашылық саладағы тағы бір еңбегі, ол – лингвистикалық туындылары. Ол орыс-түзем (қазак), орысша-өзбекше сөздіктерінің авторы болып табылады. Бұл сөздіктер сол кездегі жергілікті атқарушы биліктегі қызмет жасап жүрген тұлғалар мен аралас мектептердің оқытушылары мен оқушыларына көмекші құрал ретінде үлкен септігін тигізді. Сол тұста ғалымның бұл сөздігі түрлі талқылауға түсіп пікірлер айттылып, белгілі ғалымдар тараپынан өз бағасы берілген.

Серәлі Лапин Түркістан өнірінің тарихына қатысты көне енбектерімен жәдігерлерді іздестіріп қолға түсіріп зерттеумен айналысады. Оның қолында жеке жинастыруының нәтижесінде көптеген көне материалдар Ресей ғалымдарында қызықтырған болатын. Ғалымның алдында әлемге әйгілі шығыс жұлдыздары Бируни, Науай, Омар Хаям, Сағдидің шығармашылық енбектерін аударуда алдында тұрған мақсаттарының бірі еді.

Зиялды қауым Серәлі Лапинді халықтың мұн-мұқтажын түсінетін, олардың жағдайынан толық хабардар және оларды қолдайтын қорғаушысы деп қабылдап, оны Ресейдегі алғашқы Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлау үшін кандидаттықта ұсынады. 1908-1910 жылдар аралығында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында тұрып, 3-Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының ұйымдастыру бюросында қажырлы қызмет жасағанын білеміз.

Серәлі Мұңайтпасұлы Лапиннің мықты зангер-адвокат, шығыстанушы-ғалым, тілмаш, ірі саяси қайраткер екендігіне көз жеткізе отырып, алдағы мақсатымыз- зиялды тұлғаның өмірімен шығармашылығына, түрлі салалы қызметіне ғылыми енбектеріне жүйелі талдау жүргізіп барлық деректерге сүйене отырып, жас үрпаққа жеткізу үшін жүйелеу қажет, ғылыми ізденістер мен жан-жақты зертеуді қажет етеді.

Қорытындылай келе, алдағы мақсатымыз - ғалымның өмірі мен ғылыми еңбектеріне талдау жасап, зерделеу жүргізіп кейінгі ұрпаққа жеткізуді жүзеге асыру болып табылады.

### **ӘДЕБІЕТ**

1. Әзіретбергенова Э.Ж. Надписи на исторических памятниках г. Самарканда в переводах С. Лапина // әл- Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - 2000. - №1. - 56–77 бб.
2. Смагулова С. Лапин Сералы Мұнайтпасұлы // Туркістан. Халықаралық энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. - 656 б.
3. Дайрабай Т. Халықтың мақтаны болған - Лапы әuletі // Ақмешіт апталығы. – 2002. - 6 маусым.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматривается творческая деятельность С.М. Лапина.

### **SUMMARY**

This article discusses the creative activity of S. M. Lapin.

## САЯСАТТАНУДЫҢ НЫСАНЫ МЕН ПӘНІ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
«Болашақ» университеті*

Саясаттану нысаны болып қоғамдық өмірдегі саяси атауын иеленген барлық түсініктердің жиынтығы саналады. Сондықтан қоғамдық өмірдің саяси саласындағы төмендегі институттар саясаттанудың нысаны болып табылады:

1) мемлекеттік-әкімшілік байланыстар, өзара байланыстар мен қатынастар саласы;

2) саяси өмірде іргелі болып есептелетін билік қатынастарының саласы;

3) саяси ұйымдар қызметі және оның идеологиялық ілімдері саласы. Саяси ғылымдардың негізгі нысандары ретінде мемлекет, билік және билік қатынастары жатады. Ғылым берілген мәселелерді әлеуметтік феномен ретінде қарастырып, оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Ғылымның пәні ретінде зерттеліп отырған нысаннның дамуы мен қызметіндегі заңдылықтардың зерттеушілік тараптары бойынша нәтижелерінің қорытындылары қарастырылады.

1948 жылы ЮНЕСКО бастамасымен Батыс саясаттанушыларының басын біріктерген Халықаралық жиында саяси ғылымдардың пәніне қосылды:

1) саяси теория (саяси теория және саяси идеялар тарихы);

2) саяси институттар (конституция, орталық, аймақтық және жергілікті басқару, мемлекеттік басқару, саяси институттарды салыстырмалы талдау);

3) партиялар, топтар мен қоғамдық пікір (саяси партиялар, топтар мен қауымдастықтар, азаматтардың басқаруға қатысуы, қоғамдық пікір);

4) халықаралық қатынастар (халықаралық саясат, саясат және халықаралық ұйымдар, халықаралық құқық).

Дегенмен, саяси ғылымдардың зерттеу нысаны мәселесіне қатысты көпжақты пікірлер болғандықтан, әлі де өзектілігін жоймайды.

Саяси ғылымдар мәні түсінігінің қарама-қайшылықтарына қарамастан, көптеген зерттеушілер пәні ретінде оның билікпен өзара байланыстарын есептейді. Аталмыш өзара байланыстардың белсенді қатысушылары болып мемлекет, қоғам және индивид саналады.

Сәйкесінше, саяси ғылымдар мемлекет, қоғам және индивидтердің өзара байланыстары арқылы жүзеге асырылатын қоғамдағы биліктің күрылымы, таралуы мен жүзеге асуын айқындайтын ғылым.

Саяси ғылымдардың құрамдас бөлімдері ретінде саяси философия, саяси әлеуметтану, саяси этика, саяси тарих айқындалады.

**Саяси философия** - саясат, саяси құндылықтар, саяси ақиқаттың мәні мен саяси сараптаманың интеллектуалды алғышарттарына қатысты идеяларды зерттейтін философия бөлімі. Бөлім саясаттың табигаты, адам үшін маңыздылығы, тұлға, қоғам және мемлекеттік билік арасындағы өзара байланыстарды қарастырып, саясатты бағалаудың жалпы жіктемелерін айқындайды. Саяси философияның негізгі нысаны болып саяси рефлексия танылады. Пәнніне саяси рефлексияның негізгі түсініктері жатады. Саяси рефлексияның субъектісі болып индивид, партия, халық саналады.

**Саяси әлеуметтану** - саясат саласындағы азаматтардың әлеуметтік құмылдары мен әлеуметтік қатынастарындағы факторлар мен тетіктерді зерттейтін әлеуметтанудың саласы. Сонымен қатар, қоғамды қарастыра келе, оның мемлекеттке ықпалын анықтайтын. Саяси әлеуметтану шенберінде әлеуметтік топтардың саяси мінез-құлқы, олардың саяси құндылықтары мен саяси бейімделуі, саясаттағы қоғамдық пікірдің рөлі, саяси режимдер мен саяси партиялардың әлеуметтік негіздері зерттеледі.

**Саяси этика** - қоғамдық инабаттылық, әлеуметтік этиканың ерекше құрамдас бөлігі. Басты назар мораль мен билік мәселелеріне аударылады. К.С. Гаджиевтің пайымдауынша: «саяси этика - бұл қоғамдағы және мемлекеттегі әділетті әлеуметтік құрылым, басшылар мен азаматтардың өзара құқықтары мен міндеттері, адам мен азаматтардың іргелі құқықтары, бостандық, теңдік және әділеттілік қатынастарының қозғайтын саяси қызметтің нормативтік негізі» [1].

**Саяси тарих** – тарих пен саясаттану тоғысындағы саяси теориялар мен институттар, саяси оқиғалар тарихы және олардың тарихи көріністерінің өзара байланыстарын айқындайтын салааралық пән. Сонымен қатар, кез келген маңызды тарихи зерттеулер саяси тарих әдістеріне сүйенеді. Саяси тарих әдіснамасы жалпы тарихи материализм әдісі арқылы нақтыланады. Саяси тарихтың әдістемелік базасын келесі әдіс-тәсілдер құрайды: үдерістер мен құбылыстардың салыстырмалы сипаттамасын пайдалану; тарихи-саяси оқиғалар арасындағы өзара байланыстар себептерін анықтау; тарихи мәліметтер мен құжаттарды сараптау.

Саяси ғылымдардың қалыптасуы, бекітілуі, қызмет етуі және дамуы үдерісінде түрлі байланыстар мен өзара қатынастар жүзеге асады. Саясаттанудың зандары мен зандылықтарын жіктеуді негіздеуде түрлі түсініктер болуы мүмкін. Мәселен, Л.А. Федун оны

үш топқа бөліп қарауды ұсынады: экономика мен саяси билік арасындағы өзара байланыстарды айқындайтын саяси-экономикалық зандылықтар; саяси билікті ерекше әлеуметтік жүйе ретінде дамуын сипаттайтын саяси-әлеуметтік зандылықтар; саяси-психологиялық зандылықтар [2].

Айқындалғандай, саясаттану пәнаралық байланысы мол ғылым саласы. Сондықтан өз зерттеулерінде түрлі бағыттар мен әдістерді қолданады.

Негізгі бағыттарының бірі болып саяси институттарды зерттеу саналады. Ол мемлекет, саяси билік, құқық, саяси партиялар, саяси және қоғамдық-саяси қозғалыстар сынды институттар мен құбылыстарды зерттейді. **Саяси институттар** (латынның *institutum* - белгілеу, құру, тұзу) - бұл саясат саласындағы реттеуге жататын үдерістер мен қатынастар, белгіленген ережелер, нормалар, дәстүрлер мен принциптер жиынтығы.

Келесі бағыт болып саяси үдерістер мен құбылыстарды зерттеу табылады. Бұл бағыттың міндетіне қоғамның саяси жүйесінің дамуындағы зандар мен зандылықтарды анықтау және сараптау, тәжірибеде қолдануға түрлі саяси технологияларды әзірлеу жатады.

Ушінші бағытына адамның саяси санасы, саяси психологиясы мен идеологиясы, саяси мәдениеті, саяси мінез-құлқы мен оның ынталандыру белгілерін зерттеу және осы құбылыстарды басқару тәсілдері енеді.

Саяси ғылымдардағы әдістерді қолдану оның тарихи дамуымен тығыз байланысты. Саясат туралы теориялық жиынтықтаудың бірінші талпыныстары философиялық-этикалық идеялар мен көзқарастарға негізделді. Философиялық-эткалық бағыт өкілдері үшін мемлекет мәселесіне қарағанда, оның қандай болуы керектігі қызықтырды. Ортағасырлардағы Батыс Еуропада діни тұжырымдамалар басымдық танытқанда, саяси ойлар теологиялық парадигма шеңберінде дамыды. Сондықтан саяси теориялар мен көзқарастар теологияның бір саласы ретінде қарастырылды.

XVII-XVIII ғасырларда саяси ойлардағы азаматтық тұжырымдаманың пайда болуы саяси үдерістерді зерттеудің жаңа әдістерінің пайда болуына және дамуына маңызды түрткі берді. Дж. Локк, Ш. Монтескье, Э. Берк өз еңбектерінде саясаттанудың институтталған әдісінің негізін қалады. Бұл әдіс XX ғасырдың басында саяси зерттеулерде кеңінен қолданылды.

Саясаттанудағы институтталған әдіс мемлекет, партиялар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар, сайлау жүйелері, саяси қызмет пен саяси үдерістердің өзге зерттеу нысандары секілді саяси институттарды зерттеуге сүйенеді. Институтталу - бұл адам өмір-салты саласындағы әлеуметтік қатынастарды реттеу, стандарттау мен жүйелендірудің үдерісі.

Саясаттануда берілген әдіс саяси институттарды оның құқықтық заңдылықтары мен қоғамдық легитимділігі шеңберінде қолданылады. Бұл тұжырымдама қоғамдық даму үшін де маңызды рөл атқарады. Жалпы қабылданған институтталған нормаларды бұзу немесе жаңа ойын ережесін енгізу түрлі деңгейдегі әлеуметтік шиеленістерге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл әдіс саяси саланы әлеуметтік институттардың жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтанудың XIX ғасырдың ортасында ғылым ретінде пайда болуынан кейін саяси зерттеулерде әлеуметтанулық әдістер қолданыла бастады. Бүгінгі танда да бұл әдістер кеңінен қолданылады.

Саясаттанудағы әлеуметтанулық әдіс саяси құбылыстардың әлеуметтік негізділігін айқындауды, биліктің әлеуметтік табиғатын анықтауды, ірі әлеуметтік топтардың өзара байланыстарындағы саясатты ашуды көздейді. Накты әлеуметтанулық зерттеулерге сүйенетін әдіс зерттеу нәтижелерін тәжірибелік қолдануға бағыттайтын қолданбалы саясаттанудың негізін қалауға септігін тигізді.

Саяси ғылымдардағы *салыстырмалы* (компаративтік) әдіс Ежелгі дәуірден бастап қолданыла бастады. Мәселен, Платон мен Аристотель түрлі саяси режимдерді салыстыру арқылы дұрыс және бұрыс деп айқындал, еңбектерінде мемлекеттік құрылымның идеалды түрін анықтады. Бүгінде салыстырмалы әдіс саяси зерттеулерде кеңінен қолданылады, ал салыстырмалы саясаттану жалпы саяси ғылымдар құрылымындағы жеке әрі жас бағыт ретінде есептеледі.

Салыстырмалы әдістің мәні режимдер, партиялар, қозғалыстар, саяси жүйелер, саяси шешімдерді әзірлеу, қабылдау және жүзеге асыру тәсілдерін салыстырумен ұштасады. Салыстыру зерттеу нысанының ерекшеліктерін, мәселелерін бағалауға, даму заңдылықтарын айқындауға және шешім қабылдаудың онтайлы жолдарын табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, саяси құбылыстар туралы әмбебап көзқарастар әзірлеуге және сараптамалық түрғыдан ойлануға мүмкіндік береді.

Саясаттанудағы *бихевиористік* әдіс индивидтер мен топтардың әлеуметтік мінез-құлқын эмпирикалық бақылауға негізделеді. Негізгі басымдық жеке сипаттамалық белгілерін анықтауға беріледі. Бұл әдіс сайлаушылардың электоралдық мінез-құлқын зерттеуге және сайлауалды технологияларды әзірлеуге септігін тигізді. Бихевиоризм саясаттағы зерттеудің эмпирикалық әдістерінің дамуына ерекше үлес қосты және қолданбалы саясаттанудың қалыптасуы мен дамуына ықпал жасады.

Жүйелік талдауды өткен ғасырдың 30-жылдарында жаратылыстану ғылымдарының өкілдері әзірлеген болатын 40-50-жылдары Т. Парсонс, Р. Мертон, Дж. Хоманс секілді ғалымдардың

еңбектері әдісті әлеуметтануда қолдануға мүмкіндік туғызды. Жүйелер теориясы Платон, Аристотель, Т. Гоббс, К. Маркс, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм еңбектерінде әзірленгенімен, саясаттануда жүйелік талдау 50-60-жылдардағы Д. Истон, Г. Алмонд еңбектерімен байланысты.

Талдау бихевиоризмге баламалы болып табылады және саяси саланы сыртқы ортамен өзара байланысты жүйе ретінде қарастырады. Әдіс саяси құбылыстарды зерттеудегі жүйлердің жалпы теориясын қолдану арқылы саяси ахуалды жүйелеуге, саяси шаралар моделін күргүре, зерттеу нысанын жеке организм ретінде карауга катысады. Сонымен бірге, жүйелік әдіс әрбір бөлшекті жүйешік ретінде мәнін айқындауға мүмкіндік береді.

Саясаттанудағы *антропологиялық* әдіс саяси құбылыстарды адамның табиғи ұжымдық мәні ретінде талдайды. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель адам табиғаты бойынша саяси жануар және ол оқшау өмір сүре алмайды. Адамдар эволюциялық даму барысында өз әлеуметтік ортасын жетілдіріп, қоғамның саяси ұйымдарын құру кезеңіне өтеді.

Саясаттанудағы психологиялық әдіс психологиялық мінез-құлық пен ынталандырудың психологиялық механизмдерін зерттеуге ықпал жасайды. Бағыттың дамуына Ежелгі дүние ойшылдары (Конфуций, Аристотель, Сенека) мен Жаңа дәуір ғалымдарының (Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Ж.Ж. Руссо) идеялары негіз болса да, ғылыми бағыт ретінде XIX ғасырда қалыптасты.

Психологиялық әдісте ерекше орынды З. Фрейд әзірлеген психоанализ алады. Психоанализ көмегімен саяси мінез-құлыққа белсенді түрде ықпал жасайтын адам санаусына сыймайтын үдерістер мен ынталандырулар зерттеледі.

Заманауи саяси ғылымдарда зерттеудің екі негізгі деңгейі бар: теориялық және қолданбалы. Теориялық саясаттану қоғамның саяси саласындағы зерттеулердің жалпы әдістерін әзірлеумен айналысады. Қолданбалы саясаттану қажетті ақпаратты алу үшін нақты саяси ахуалды зерттеумен қатар, саяси болжамдар, тәжірибелік кеңестер, ұсыныстар әзірлеумен және пайда болған саяси және әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын айқындаумен айналысады.

Саясаттанудың негізгі қызметтеріне жатады: *прагматикалық* - қоғамдағы мәселелер мен қарама-қайшылықтарды шешуде саясаттанудың теориялық және қолданбалы әдістерін қолдану; *түсіндірушілік* - саяси өмірде туындастын сұраптарды бақылаудағы құбылыстардан оның себептерін анықтауды негізге алады; *болжамдық* - саяси жүйе дамуы үрдістерінің ғылыми негізделген болжамдарын жасау және ықтимал жағымсыз құбылыстарын алдын алу; *аксиологиялық* - саяси құрылыш, тәртіп, институт, саяси шешімдер мен саяси мінез-құлыққа баға беріледі; *тәнімділік* - қоғамның саяси

жүйесінің саяси табиғаты, құрылым мен мен мазмұны және оның қызметіндегі заңдылықтарды тану; *тәрбиелік* - демократиялық қоғамның қызметін қамтамасыз етуде және олардың саяси әлеуметтендіруін жүзеге асыруда азаматтардың саяси санасы мен саяси мәдениетін қалыптастыру; *диагностикалық* - қарама-қайшылықтар мен қақтығыстарды анықтау үшін әлеуметтік-саяси шындықты сараптау; *ұйымдастырушылық-технологиялық* - қоғамның саяси саласындағы тәртіп пен ережелерді айқындайтын саяси технологиялар мен ұйымдастырушылық құрылымдарын жасақтау; *басқарушылық* - басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен қабылдауда саясаттанулық зерттеулерді пайдалану; *құралдық* - саяси ақиқатты зерттеуде іс жүзіндегі және жаңа әдістер әзірлеуді жетілдіру; *иедологиялық* - қоғам, саяси топтар мұддесі үшін саясаттанулық білім мен зерттеу нәтижелерін қолдану.

### **ӘДЕБІЕТ**

1. Гаджиев К.С. Этика и политика // Мировая экономика и международные отношения. - 1992. - №3. - С. 35.
2. Федун Л. А. О предмете и методе политологии // Социально-политические науки. - 1991. - № 3. - С. 66-67.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрены объект и предмет политологии. Политическая философия, политическая социология, политическая этика, политическая история определяются как составная часть политической науки.

### **SUMMARY**

In this article describes the object and subject of political science. Political philosophy, political sociology, political ethics, political history will be defined as an integral part of political science.

## АҚИҚАТ ТҮСІНІГІНІҢ МӘНІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,  
философия магистрі,  
«Болашак» университеті*

Философия, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыштану, техникалық ғылымдарда ақиқат түсінігі нақтыландырылған критерийлер арқылы айқындалады. Бұл критерийлер теориялық және эмпирикалық негіздерге байланысты.

Философияда ақиқат ұғымы кешенді концепциялармен байланысты. Логикада тұжырымдардың ақиқаттығы пәннің ерекшеліктерін айқындау арқылы логикалық дұрыстығын анықтайды; формальды-аксиоматикалық жүйелердің толықтығы мен қарама-қайшылықтардың жоқтығы. Физика, химия, тарих, әлеуметтану секілді т.б. ғылым салаларында ақиқат категориясы екіжақтылық принципінде қарастырылады. Бір жағынан ақиқат бұл ғылыми таным мақсатындағы дәстүрлі түсінік, екінші жағынан теориялық және тәжірибелік міндеттердің базалық шешімдерінің кешенін талдайтын ғылыми білімнің жеке құндылығы.

Ақиқаттың философиялық түсінігін алғаш рет Парменид енгізді. Ақиқаттың негізгі критеріі ретінде ойлау мен болмыстың байланыстылығы мойындалды. Антикалық философияда ақиқат теориясының нақты дайындаған концепциясын Платон жасады. Оның пікірінше, ақиқат бұл жоғары эмпирикалық идея. Ақиқат рухының идеялар әлеміне қатыстылығы рухтың ақиқатпен байланыстылығын көрсетеді. Ортағасырлық философияда Августин латон көзқарастарына сүйеніп, ақиқатты түсініктер мен ой-толғамдар туралы ілімдер негізінде жүргізді. Ал, Фома Аквинский болса, Аристотель ілімдеріне сүйеніп, өзінің теориясын қалыптастыруды.

Бүгінгі қунге дейін ақиқат концепциясы ақиқаттың классикалық концепциясы негізінде кеңінен тарады. Оның негізгі тұжырымдарын Аристотель қалыптастырған болатын. Бұл концепция бойынша ақиқат зат пен зерденің сәйкестілігі негізінде жүреді (лат. *veritas est adaequatio rei et intellectus*). Демек, ақиқат нысан турлы қабылданған нақты шындық.

Жалпы ақиқат түсінігін антикалық философтар арасында Демокрит, Эпикур, Лукреций де дамытты. Ақиқаттың классикалық концепцияларын Г. Гегель, К. Маркс те қолдады. XX ғасыр философтары арасында бұл тұжырымдаманы А. Тарский, К. Поппер қолдағанын ерекше атап кеткеніміз жөн.

Ақиқат ұғымына көптеген ойшылдар өз ойларын айтқан, С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігі» еңбегінде: «1. **Ақиқат** – шын мәнінде өмір сүретін, шындық. 2. Тәжірибеде тексерілген, бекітілген пікір», - деп көрсетілген [1].

Р. Даль өз сөздігінде: «**Ақиқат** – жалғанға қарама-қайшылық; нақты, рас, дәл, әділ, шындық ұғымына жауап беретін түсінік» [2], - дейді.

Улкен Совет Энциклопедиясында ақиқат ұғымына тәмендегідей анықтама берілген: «Адам санасында объективті шындықтың нақты бейнеленуі, оның болмысына сай көрінуі және адамнан тыс және тәуелсіз орын алуы» [3].

Қазақ тілінде жарық көрген энциклопедиялардағы бұл ұғымға қатысты анықтамаларға келсек. Мәселен, Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы 1972 жылы ұсынған кітапта: «**Ақиқат** – объективті шындықтың адам санасында дәлме-дәл бейнеленуі; ақиқат түйсіктің, түсініктің, ұғымның, ой қорытындысының, теорияның қоғамдық практика мен тәжірибеде тексеріліп айқындалған объективті мазмұны. **Ақиқат** дегеніміз - бір-біріне өзара әсер етіп, қайшылықта болып, үнемі өзгеріп отыратын объектілерді жан-жакты терең бейнелейтін таным нәтижелерінің бір ізді жүйесі» [4], - деп жазылса, «Қазақ Энциклопедиясының» Бас редакциясы 1998 жылы дайындаған энциклопедиялық еңбекте: «**Ақиқат** – таным теориясының негізгі категориясы, адам түсінігінің өмір шындығына сәйкестілігі. Ақиқат – танушы кісінің объектіні дұрыс, дәл, тәуелсіз күйінде, өмір сүрген қалпында ұғынуы» [5], - деп берілген.

Ал «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы шығарған «Философиялық сөздіктете» тәмендегідей пікір білдіріледі: «**Ақиқат** - өмір шындығының ойдағы нағымды, дұрыс бейнесі, әлеуметтік процесс, практика, сайып келгенде оның өлшемі болып табылады. Ақиқаттың сипаттамасы заттарға емес және олардың тілмен тұжырымдалу тәсілдеріне емес, нақты ойға қатысты. Жаңа философия тұңғыш рет ақиқатты түсінудің дәйекті материалистік негізdemесін тұжырымдап, оны зерттеудің жаңа диалектикалық аспектілерін көрсетті» [6]. Сонымен бірге, аталмыш энциклопедиялық еңбекте *объективтік ақиқат, абсолюттік және салыстырмалы ақиқат, ақиқаттың нақтылығы, ақиқат өлшемі, теория және практика ұғымдарына түсініктеме* берілген. Енді сол анықтамаларға сараптама жасап көрелік.

**Объективтік ақиқат** – жеке адамның еркі мен тілегіне қатысы жоқ адам білімінің мәні. Ақиқат адамдардың еркі мен тілегіне байланысты жасалмайды, бейнеленетін объектінің объективтілігін көрсететін мазмұнымен анықталады. Объективтік ақиқат туралы ілім ақиқат - адам еркінің туындысы, адамдар арасындағы келісімнің

нәтижесі деп үйрететін толып жатқан субъективті тұжырымдарға қарсы бағытталған. Адамдардың көпшілігінің мойындауынан толып жатқан ырым, діни нанымдарды ақиқат ретінде қарастырып, түсіну ғылыми тұрғыдан теріс. Қазіргі заманғы буржуазиялық философия әдетте ақиқаттың объективтілігін мойындауға қарсы, ал бұл ғылыми ілімдерді субъективтілікке ұштастырып, жалпы ғылымға деген сенімді жоққа шығару болып табылады. Мысалы, прагматизм өмірде жақсылыққа ғана жеткізетін қағиданы ғана ақиқат деп есептейді; неопозитивизм математикалық және логикалық ақиқаттарды конвенциялар (конвенционализм) т.с.с. деп жариялайды [6, 22 б.].

Объективті ақиқат өмірдегі болып жатқан құбылыстарды біздің санамыздан тыс екенін дәлелдеуде. Бірақ объективті ақиқаттың бірден бір ерекшелігі адам санасынан тыс әлем адаммен байланыста болуы.

**Абсолютті және салыстырмалы ақиқат** – диалектикалық материализм категориясы, ол танымның даму процесін сипаттайтын және: 1) бұрын танылған нәрсе мен ғылым дамуының бұдан былайғы процесінде танылған нәрсе арасындағы; 2) ғылымның бұдан былайғы дамуы барысында біздің біліміміздің құрамында өзгеруі, дәлелденуі, теріске шығарылуы мүмкін нәрсе мен теріске шығарылмаған күйінде қалатын нәрсе арасындағы арақатынасты ашады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат туралы ілім мына сұраққа жауап береді. Объективті ақиқатты білдіретін адамның түсініктері оны бірден, тұтасынан, сөзсіз, абсолютті түрде білдіре ала ма немесе тек шамамен, салыстырмалы түрде ғана білдіре ме? Осыған байланысты Абсолютті ақиқат өмір шындығы туралы толық нақты егжей-тегжейлі білім ретінде және болашақта теріске шығарылуы мүмкін емес білімдердің элементі ретінде көрінеді. Дамудың әрбір сатысындағы біздің біліміміз ғылымның, техниканың, өндірістің қол жеткен деңгейіне байланысты. Таным мен практиканың одан әрі дамуы дәрежесіне қарай адамдардың табиғат туралы түсініктері терендей түседі, дәлелденеді, жетілдіріледі. Сондықтан ғылымында ақиқат оның зерттелетін пәндер туралы толық, егжей-тегжейлі білім бере алмайтыны және оның танымның дамуы барысында өзгеретін, дәлелденетін, терендей түсетін жаңа элементтермен ауыстырылатын элементтерден құралатыны тұрғысынан алғанда салыстырмалы болып табылады. Сонымен бірге әрбір салыстырмалы және абсолютті ақиқатты тануда ілгері жасалған қадам дегенді білдіреді, егер ол ғылыми болса, оның құрамында абсолютті ақиқаттың жүрнағы болады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат арасында өткел бермес шек жоқ. Абсолютті және салыстырмалы ақиқаттың жиынтығынан қалыптасады. Ғылым мен қоғамдық практика тарихы таным дамуының осынау диалект сипатын қуаттайтын. Даму барысында ғылым абсолютті ақиқатты тануға жақындай түсіп, заттардың

қасиеттерін және олардың арасындағы қатынастарды барған сайын терең және олардың арасындағы қатынастарды барған сайын терең және толығырақ ашады, мұның өзі теорияның практикада (қоғамдық өмірде, өндірісте және т.б.) ойдағыдай қолданылуы арқылы қуатталуда. Екінші жағынан, бұрын жасалған теориялар ұдайы дәлелдене түсүде, дамытылуда; бір болжамдар теріске шығарылып, екінші болжамдар қуатталып, дәлелденген ақиқатқа айналуда, бір ұғымдар ғылымнан аласталып, енді біреулері дәлелденеді, қорытындылады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат туралы ілім әрбір ақиқатты мәнгі, өзгермейтін ақиқат деп жариялаған метафизикаға өзгермейтін ақиқат деп жариялаған метафизикаға қарсы және кез келген ақиқат салыстырмалы (релятивті), ғылымның дамуы бірінен соң бірі жалғасып жатқан адасулардың ауысуы ғана, сондықтан объективті ақиқат жоқ және болуы мүмкін емес деп пайымдаған релятивизмнің әртурлі идеалистік бағытына қарсы бағытталған [6, 6 б.].

Салыстырмалық ақиқаттың ерекшелігі қарама қарсылық бар жерде даму бер екенін байқатады. Диалектикалық тәсілге сүйене отырып ақиқатты тануға талпынады.

**Ақиқаттың нақтылығы** (латынша konkretus - қоюлану, бітісу) – ақиқаттың белгілі бір құбылыстың жүзеге асуының нақтылығы қолайлы жағдайларының жалпы есебіне негізделген қасиеті, қолайлы орын мен уақыт жағдайларына тәуелділігі. Мәселен, белгілі бір ұсыныстардың қандай жағдайларды ескере отырып тұжырымдалғаны айтылмаса, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау мүмкін емес. «Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы 2- d-ге тең» деген сөйлем Евклидтің геометриясы үшін ақиқат, алайда, Лобачевскийдің геометриясында жалған. Демек абстрактілі ақиқат болмайды, ақиқат әрқашанда нақты. Қоғамдық құбылыстарға талдау жасаған кезде, жалпы теорияның ұғымдары мен ережелерін нақты жағдайларға қолданған кезде нақты тарихи көзқарас, орын мен уақыт жағдайларын ескеру ерекше маңызды [6, 22 б.].

Ақиқат ұғымына оның нақтылығын зерделеу өте маңызды болып табылады. Сондықтан ақиқат нақтылығы шын мәнінде оның ғылыми түрғыдан қалыптасуына өзіндік үлесін қосады.

**Ақиқат өлшемі** ( грекше Kriterion – бір нәрсені бағалауға арналған өлшем) – белгілі бір пайымдауды, болжамды, теориялық долбарды және т.б. тексеру құралы. Ақиқат өлшемі қоғамдық практика болып табылады. Тәжірибелік ғылыми теориялар практиканың көмегімен материалдық өндірісте, бұқараның қоғамдықайта құру жөніндегі революция қызметінде және т.т. іргелі тексеруден өткізіледі. Егер теория практикада ойдағыдай қолданылса, бұл оның салыстырмалы ақиқат екенін білдіреді. Белгілі бір теорияны практикада тексерудің әдістері әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы,

жаратылыстану ғылымында белгілі бір ережелер алғынған нәтижелерді бақылауға, өлшеуге, математикалық өндөуден өткізуге байланысты тәжірибе арқылы расталады. Кейде болжам жасалған теорияларды сынақтан өткізу одан логикалық жолмен шығарылатын салдарды тәжірибе жасап тексеру арқылы жүзеге асырылады. Практикада тексеру ақиқаттығын логикалық айғақтар жолымен анықтау, сайып келгенде, белгілі бір теорияның өз шенберінде арнайы дәлелденбейтін кейбір түпкі ережелерін практикада тексеруге сүйенеді. Алайда ғылыми теорияларды практикада тексеру дамып, байытылып, нақтылана түседі, олардың кейбір ережелері олардың абсолютке айналдырылғанын көрсетпейді, ғылыми теориялар жаңалығымен алмастырылады (Абсолютті және салыстырмалы ақиқат). Бұл қоғамдық практиканың өзі ғылыми теорияларды өмір шындығымен практика арқылы салғастыру әдістерінің де үнемі дамып, жетіліп отыратындығымен байланысты. Сондықтан адамның кейбір түсінігін тек дамып отыратын қоғамдық практика ғана толық растай алады немесе теріске шығара алады [6, 21-22 бб.].

Осы пікірлер негізінде әлемдік ғылым мен мәдениетте ерекше із қалдырған тұлғалардың ақиқат турасында айтылған ой-пікірлеріне мән берсек.

Мәселен, Альберт Эйнштейннің пайымдауынша: «Ақиқаттың негізін айту қыынға соғады, ал жалғанды айыра білу оңай».

Л. Швейцер: «Кез келген ақиқат алғашында күлкіге айналғанымен, кейін ол мойындалады».

Г. Лихтенберг: «Ең ауыр жалған сөз – женіл түрде өзгертілген ақиқат».

И. Гете: «Ақиқатқа қарағанда, қателікті табу оңайға соғады. Қателік жоғары деңгейде тұрғандықтан ол тез аңғарылады, ал ақиқаттың түбі тереңде жасырылғандықтан, оны кез келген адам таба алmas».

А. Камю: «Ақиқат жарық секілді жарқылдайды».

Платон: «Сократ-досым, бірақ ең жақын досым – ақиқат».

Л. Фейербах: «Ең қарапайым ақиқатты адам бәрінен кейін сезінеді».

А. Дистерверг: «Нашар ұстаз ақиқатты ұсынып көрсетеді, ал жақсы ұстаз оны табуды үйретеді».

Конфуций: «Таңертең ақиқатты естіп, кешкे өлуге болады».

Ф. Бэкон: «Ақиқат беделдің емес, уақыттың белгісі».

Т. Кампанелла: «Ақиқаттың критерий тәжірибе болып табылады».

Д. Бруно: «Бір ақиқаттық құбылыс келесісін жандандырады».

Ф. Честерфилд: «Әрбір адам ақиқатты іздейді, бірақ оны тапқан адам тек бір Құдайға ғана белгілі».

М. Банди: «Ақиқат жүзі – сүреңсіз». Немесе авторлары белгісіз мына пікірлерге назар аударсак: «Ақиқат талас барысында туындаиды; бірақ қызуқандылық орнағанда ақиқат жоғалады». «Адам ақиқат үшін өзін қайта өндеп отыруы тиіс, ал ақиқатты адам пайдасы үшін пайдалану мүмкін емес».

Қорыта келе, ақиқат дегеніміз – бүкіл адамзат өмірінің шындығы. Бұл түсінікті толықтыратын да, жокқа шығаратында адам санасы. Біздің санамыздан тыс ақиқат бұл Абай үшін ақылмен шешкен ақиқат болса, Ясауи үшін Алла жолы нағыз Ақиқат болып есептелсе, Шәкәрім үшін ақиқат парасатты сөз болса, Ахмед Йұгінеки үшін ақиқат Алладан адамзатқа берілген сый болып есептеледі.

### **ӘДЕБІЕТ**

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. 7-е. – М.: Сов. Энциклопедия, 1968. – С. 251.
2. Толковый словарь живого всеиторусского языка. – / Составитель В.И. Даляр. – Т. 2. - М., 1955. – С. 60.
3. Үлкен Совет Энциклопедиясы. – Т. 10. – М., 1972. – С. 546.
4. Қазақ Совет Энциклопедиясы. / Бас редактор М.К. Қаратаяев. – Т. 1. – А., 1972. – С. 206.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 181 б.
6. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 21 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются сущность понятия «Истина». Для определения данной проблемы автор опирается основным категориям истины.

### **SUMMARY**

This article discusses the essence of the concept of «Truth». To define this problem, the author relies on the main categories of truth.

## ГЛАВА ГОСУДАРСТВА - ОПОРА НАЦИИ

*Рахманова Мейрамкуль Мырзагалиевна,  
преподаватель,  
колледж университета «Болашак»*

История помнит немногих своих творцов. Из миллиардов людей в ней остаются только единицы, да и тех время от времени пытаются вычеркнуть неблагодарные потомки. Остаются те, кого на вершины известности вынесли волны бушующего моря событий. Когда общество охватывает буря перемен и люди растерянно смотрят по сторонам, то обращая взор к молчаливым небесам, то пытаясь найти виноватых, вдруг оказывается, что кто-то твердо держит руку на штурвале и уверенно смотрит вперед, будто бы всегда знал, что делать. Именно так и появляются Лидеры. Предисловие: Игорь Иванов Президент Российского совета по международным делам.

У каждого народа есть свой руководитель. Он является путеводителем нации, его высшим должностным лицом, который определяет основные направления внутренней и внешней политики, определяет основные направления. Во время споров, неразрешимых задач, он все свои силы и стремления посвящал на решение этих вопросов. У казахов есть удивительное по смыслу и значению выражение «арқа сүйеу», (арқа-спина, сүйеу-поддержка, опора). Это значение общеупотребительно и узкий смысл его знает каждый. Оно живет в человеке всегда. Нашей опорой в этом быстроменяющемся мире является Глава государства. В его обязанности входит представление страны в международных отношениях, так как он был и будет символом и гарантом единства народа и государственной власти, незыблемости Конституции, прав и свобод человека-гражданина. Испокон веков Казахстан был независимым государством. Ни монголо-татарам, ни джунгарам, ни одному из государств, когда-либо существовавших на земле, не удалось полностью покорить, подчинить себе гордый казахский народ. Двадцать с лишним лет назад, с распадом Советского Союза, Казахстан обрел Независимость. Выражением воли народа стало принятие Декларации и государственного суверенитета Республики Казахстан. Глава государства обеспечивает согласованное функционирование всех ветвей государственной власти и ответственность органов власти перед народом. В течение двадцати с лишним лет казахская страна превратилась в Независимое государство. Наша страна заняла достойное место в мировом сообществе. Казахстан с самого раннего начала ведет работу по

улучшению благосостояния народа и стабилизации межнациональных отношений. Уделял и уделяет внимание этнической культуре. Приобретение Независимости-это самая сокровенная мечта.

Однако в начале 90-х годов, когда расформировался Советский Союз, всем казалось, что Независимость была послана нам с неба. Но для президента это событие было обычным [1].

«Великий казахский мыслитель Абай говорил: «Вражда-не отстаивание истины, а зависть или просто неумение жить в согласии». Трудно сказать, в какой степени зависть присутствует в истинных причинах тех политических и социальных проблем, которые охватили нашу планету. Но одно бесспорно-в основе многих конфликтов и противостояний, полыхающих или вспыхивающих на разных широтах, лежит элементарное» неумение жить в Дальне зоркость Президента в том, что принимал особо важное решение во внешней политике страны, указал что нам надо сплотиться под голубым знаменем, цвет которого означал- щедрость и мудрость казахского народа. Наш глава был основоположником молодого государства и остается им. Всемирное сообщество признало Назарбаева лидером в мировой арене. Он является автором жизнетворческих идей, которые направлены на сохранение мира и согласия. Его предложения нашли одобрение в международных организациях.

За годы Независимости Казахстан, пройдя через горнило серьезных испытаний, твердо встал на ноги и уверенно смотрит в будущее. Проделанный, нами вместе со своим лидером путь, со всей очевидностью доказывает, что нет нерешаемых задач и недостижимых целей. Были бы только четкое видение перспектив и воля к победе. И это победа было бы невозможно без тщательно выверенного стратегического маршрута, которые казахстанцы проложили, вместе с Главой государства. По этому поводу он как-то заметил: «Факт всенародной поддержки и доверие народа, которые постоянно оказываются мне все эти годы,- самая высокая награда для меня. Природа человеческой памяти такова, что она сохраняет в себе лишь самое яркое и значимое,не редко сводя целые исторические эпохи к одному краткому и емкому названию. Может быть, в период возрождения и становления Независимой государственности на рубеже тысячелетий народ Казахстана когда-нибудь подведет единый знаменатель [2].

«Менталитет Евразийских народов многообразен, но всех нас объединяютсходные ценности- трудолюбие и миролюбие, гостеприимство, веротерпимость, готовностьк диологу, приверженность к консенсусным механизмам, принятия решений» [3].

...Мы-дети разных народов, но вскормлены одной материю-Родиной, и нам служить Отечеству. В послании Президента народу Казахстана «Казахстан-2030» есть слова: «Процветание, безопасность

и улучшение благосостояния всех казахстанцев- вот ключевые слова, которыми следует охарактеризовать Казахстан, который мы хотим построить. И те, кому жить в XXI веке, должны быть ответственными и энергичными представителями своего поколения, быть хорошо образованными, знать по крайней мере три языка- свой родной язык, русский и английский, обладать прекрасным здоровьем» ». В свою очередь, я хочу с уверенностью сказать одно, что до тех пор пока хватит здоровья и силы буду трудиться на блага Родины и народа Казахстана» [4].

## ЛИТЕРАТУРА

1. Плеханов С. Не шелковый путь. – Москва: Международные отношения, 2015. – С. 3.
2. Лучшие школьные сочинения, посвященные к 20-летию Независимости Казахстана. - Алматы, 2017. – С. 4-5.
3. Назарбаев Н. Критическое десятилетие. – Алматы, 2003. – С. 8.
4. Мансуров Т. Евразийский проект Нурсултана Назарбаева, воплощенный в жизнь. – М., 2011. – С. 92.

## ТҮЙИНДЕМЕ

Әрбір ұлт өз көшбасшысына ие. Ол отандық және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын, негізгі бағыттарды айқындайтын ұлттың, оның жоғарғы лауазымды тұлғасының басшылығы. Даулар кезінде қын мәселелер туындауды, ол барлық күш-жігерін және осы мәселелерді шешуге талпыныстарын арнады, казақтардың «арқау сүйеу» деген мағынасы мен құндылығы туралы көремет көрініс бар.

## SUMMARY

Each nation has its leader. He is the guide of the nation, its highest official, who determines the main directions of domestic and foreign policy, determines the main directions. During disputes, intractable problems, he devoted all his strength and aspirations to the solution of these issues. The Kazakhs have an amazing expression on the meaning and value of the phrase «арқау сүйеу». This value is commonly used and its narrow meaning is known to everyone.

## ТҰҒЫРЫ БИК – ШАХМАРДАН

*Каденова Гүлзат Сандыбайқызы,  
Жұбанғазова Венера Аймырзақызы,  
Кипшакбаев Канат Зейнұллаевич,  
оқытушылар,  
«Болашақ» университеті колledgeсі*

Шаһмардан Есенов 1927 жылы тамыздың 5-інде Қызылорда облысының Шиелі ауданы, Тартоғай ауылында дүниеге келеді. Шаһмардан Есенов - ғалым, қазақ кеңес геологы, пайдалы қазбалар саласының маманы, қоғам және мемлекет қайраткері, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор, Қаз. КСР ғылым академиясының академигі. 1949 - Қазақ тау-кен metallurgия (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық Университетін) институтын бітірген.

Шаһмардан Есенов - академик Қ.И.Сәтбаевтың шәкірті. Ол 1952-60 жылдары Үлкен Жезқазған кен-руда өнеркәсібінің шикізат бөлімін ашу және бағалау жөніндегі барлау жұмысына басшылық етті. Бұл кезеңде Жезқазған ауданы геологиясының негұрлым қурделі теориялық және практикалық мәселелерін шешуге тікелей қатысты боксит-асбест сияқты маңызды пайдалы қазыналарды іздеу мен барлау әдіс-тәсілдерін анықтау жөніндегі жұмыстарды басқарды. Осы жұмыстардың нәтижесінде Жезқазғанда шикізат кенінің барланған қоры бұрынғыдан бірнеше есе артты. Химия және қорғаныс өнеркәсібіне өте қажетті шикізат ірі кені ашылды. Ол қысқа мерзімде барланып, өнеркәсіпті игеру менгерілді. Осы ауданың марганец, мыс, металл, никель, кобальт, темір рудалары, құрылыш материалдары мен мыс кендері ашылып зерттелді [1].

1965 жылы Ш.Есенов республикада жүргізген барлық геологиялық іздеу және барлау жұмыстарына жалпы басшылық етті. Бұл жылдары Қазақстанда пайдалы қазбалардың бірқатар ірі кен орындары ашылып, игерілді. Соның ішінде Маңғыстаудың онтүстігінде аса ірі мұнайлы-газды аумақтың, Жетібай мен Өзен мұнай орындарының ашылуы, қысқа мерзімде барланып, іске қосылуы үлкен жетістік болды. Осы жұмысқа тікелей қатысқаны жөне басшылық еткені үшін бір топ ғалымдармен бірге Лениндік сыйлық берілді.

Есенов Шахмардан (5.8.1927, Шиелі ауданы, Тартоғай ауылы - 24.08.1994, Алматы) - ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1968), профессор (1969), Қазақстан FA-ның академигі (1967). Қазақ тау-кен академиясының академигі (1967). Жезқазған геологиялық-барлау экспедициясында геолог, аға геолог, бас геолог,

бас инженер, Қазақстан геология министрінің орынбасары (1960), 1961-65 және 1974-78 ж. Қазақстан Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, 1964-74 ж. Қазақстан FA-ның президенті әрі Геология ғылымдар институтының директоры қызметтерін атқарған. 1978 жылдан өмірінің сонына дейін Қазақ политехникалық институтында (Қаз ҰТУ) кафедра менгерушісі болды. Негізгі ғылыми еңбектері Қазақстанның геологиясына, металлоген., кең байлықтарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіруге арналған. Есеновтің тікелей басшылығымен Оңтүстік Манғыстау өніріндегі аса ірі Жетібай, Өзен мұнай кендері қысқа мерзімде барланып, іске қосылды. Лениндік сыйлық (1966), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын (1972) және Қазақстан FA-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтардың лауреаты 2 мәрте Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

1970 жылы әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына байланысты Халықаралық симпозиум Алматыда ашылды. Оған әлемнің көптеген елдерінен қонақтар шақырылды. Ш. Есенов осында өзі баяндама жасады. Осы симпозиумда ұлы бабамыз Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды [2].

Ол кісі шыншыл, өділетшіл жан болатын. Ойындағысын ірікпей, кім болса да бетке айтатын. Осы қайсар мінезі оның қызметінің төмендеуіне көп өсерін тигізді. Жоғары лауазымды адамдар оны министр қызметінен алғып, далалық геология-барлау экспедициясының жай қарапайым бастығы қызметіне ауыстырған кезі де болды. Политехникалық институтта ұстаздық та етті. Оның беделін түсіру үшін небір өсек-аяндарды да әдейілеп ұйымдастырды. Тіптен бүкіл атақтарын алғып тастауға да әрекет жасалынды. Бірақ олар Шахмардан Есенұлының халқы үшін жасаған ұшан-теніз еңбегіне, оның алдындағы зор беделіне нұқсан келтіре алған жоқ [3].

Ш. Есенов 100-ден аса ғылыми еңбек жазды. Республика геология ғылымын, оның маңызды саласының бірі металлогенияны дамытуға үлес қосуда. Геология-металлогения және пайдалы қазбаларды іздеу мен барлаудың әдістері жөніндегі жазылған еңбектері мен проблемаларға арналған. Ол 1965 жылы жарық көрген Қазақстанның кеңейтілген масштабты геология картасын жасауға қатысты [4].

Шахмардан Есенов 1994 жылы 67 жасында қайтыс болды. Шахмардан Есенов қайтқанына бір жыл өткесін, көптеген жағдайларда одан тәуелді болған өнір – Ақтау қаласындағы университет оның атымен аталды.

Лениндік сыйлығын, Қазақстан Мемлекет сыйлығын және Қазақстан FA-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты. 2 мәрте Ленин орденімен және медальдармен марапатталған [5].

Шахмардан Есеновтың 90 жылдығына орай ғалым атындағы №153 мектеп-лицей алдына ескерткіш қойылды.

Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев кіріспе сөз сөйлесе, жазушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Қойшығара Салғарин, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, қоғам қайраткері Абдолла Дәулетов және басқалар естеліктер айтты. Соң соң осы мектеп ішінде арнайы ғалымның атына жабдықталған кабинеттің ашылу рәсімі өтті.

Аудандағы үздік білім орталарының бірі саналатын №153 мектеп-лицейінің директоры Айжан Қаракеева бұл бөлмені «Шахмардан Есенов атындағы кіші академия» деп атап, мұнда ғалымның құнды еңбектері қойылғандығын айтЫП, таныстырыды. Кабинеттің жабдықталуына «Ш.Есенов атындағы қордың» қызметкері Ирина Грищенко арнайы Алматы қаласынан келіп, көп көмек бергендігі де құрметпен айтЫЛДЫ. Аудан басшысы оған өз алғысын білдірді.

Ескерткіш туралы деректер:

- 1.Академик Ш.Есеновқа арналған мұсін қоладан (литъя) арнайы жасалған.
- 2.Қоладан жасалған мұсін ұзындығы 120 см. Мұсін жасалған қола Ресейден арнайы алынған және сол жақта сертификатталған.
- 3.Мұсіннің үстіңгі тұғыры гранитті тақташалардан жасалған, оның ұзындығы 250 см, ал астыңғы тұғыры 50 см болады.
- 4. Мұсінде академиктің аты үлкен әрітермен латуньмен жазылған.
- 5. «Ш.Есенов атындағы ғылыми-білім беру қоры» демеушілік жасаған. Мұсінді дайындау үшін 9 млн қаржы жұмсалды [6].

Шахмардан Есенұлы Есенов – Қазақстан ғылымы мен өндірісінде өшпестей із қалдырған бірегей ғалымы, ұйымдастырушылық және адамиқасиеттерімен ерекшеленген қазақтың мақтанышының бірі!

## ӘДЕБІЕТ

1. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.
2. Маңғыстау энциклопедиясы. - Алматы, 1997.
3. Есенов Шахмардан // Қазақстан. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. - Т. II.
4. Время геолога Есенова // <http://www.biografia.kz/geologiya/esenov-shahmardan-esenovich.html>
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2001. - 3 том. - 421 б.
6. Кызылординские вести // <http://kzvesti.kz/kv/>

## РЕЗЮМЕ

В данном докладе рассматривается общественно политическая жизнь видного деятеля, академика Академии наук КазССР

Шахмардана Есенова и его вклад в развитии отечественной науки. В честь юбилея в родном ауле Тартогай названа школа-лицей и построена памятник ученому-геологу.

### SUMMARY

This report examines the socio - political life of the outstanding figure, of academician of the Academy of science of the RfzakhSSR Shahmardan Yesstnov and his contribution to the development of Russian science in honor of the anniversary in his nativevillage Tartogay called the school and built a monument to the scientist - geologish.

## ЕЛБАСЫ - ҰЛТ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

*Досманбетова Гүлсім Сәрсенқызы,  
Тоқсанбаева Ақжарқын Ақжанжарқызы,  
Қалжанова Аида Қалжанқызы,  
оқытушылар,  
«Болашақ» университетінің колледжі*

Егемен Қазақстанның дүниеге келуі карсаңында болған кезеңдің тарихи ерекшелігі сол, оны асаірі мемлекеттік құрылым - Кеңестік социалистік республикалар одағының жан тәсілім кезіндегі жағдайымен салыстыруға болатын еді. Мемлекеттік құрылым экономикалық жәнесаяси дағдарыстардан ес-түссіз талмау күйде болады, сол уақытта бұл ауыр үрдіске қоғамдық ақыл-ой тарихтың қысқаша курсына боямасыз жіті көзben қарады да, әлеуметтік сана осынау ауыр көріністен біржоласансырап қалды.

Ұлттық рухты оятып, мемлекеттігімізді жаңғырту миссиясы қазіргі жаһандық саясат сардарларының бірі - Нұрсұлтан Назарбаевтың еншісіне тиді. Оның тұғырлы тұлғасы ғасырлар бойы бақытты ұрпағымыз үшін темірқазықтай жол сілтеп тұрады.

Тәуелсіздік таңы атқан кезде халқымыз жана Қазақстанның негізін қалап, қалыптастыруды дәл осы азamatқасеніп тапсырды. Уақыт осынау маңызды тандаудың дұрыстығын дәлелдеді. Бұгінде мемлекеттік басқару мен көшбасшылықтың халықаралық теориясында ұлттық жаңғыру мен эволюциялық өзгерістердің жаңа әрі табысты ұлгісі жасалды деп нық сеніммен айта аламыз. Бұларды ауқымдылығы жағынан Жапонияда Мейдзидің, Түркияда Ататүркің, АҚШ-та Франклін Рузвельттің, Германияда Людвиг Эрхардтың, Сингапурда Ли Куан Юдің, Қытайда Дэн Сяопиннің реформаларымен салыстыруға болады.

Көптеген беделді сарапшылардың пікірі бойынша Қазақстанның Тұнғыш Президенті өз халқының өсіп-өркендеуі және игілігі үшін қалтқысыз қызметімен, саяси көрегендігімен және бірегей стратегиялық ойлау жүйесіндегіайқын таланттымен ерекшеленген әлемнің аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің қатарына кіреді [1].

Шынайы көшбасшылар бұгінгі күнмен өмір сүрмейді және конъюнктуралық категориялар тұрғысынан ойламайды. Уинстон Черчилльдің саясаткерлер келесісайлау туралы, ал мемлекет қайраткерлері келешек ұрпақ жөнінде толғанады деген ұлағатты сөзі бар. Н.Назарбаев курделі де қын жағдайларда үнемі батыл қимылдап, нақты шешім қабылдады. Жауапкершілікті өзіне алдып, ұлттық стратегиялық жоспарлау ісінің көкжиегін үздіксіз кенейтті.

Еліміз Нұрсұлтан Назарбаевтың аса көреген басшылығының арқасында өзінің даму жолын айқындала, қайталанбас ұлттық бірегейлікке қол жеткізу үшін күрделі кезеңді бастаң кешіргенің ұмытпауымыз керек. Откен ғасырдың 90-жылдарының басында жаңа егеменділіміздің негізін қалау және экономиканың тиімді нарықтық үлгісін қалыптастыру барысында күрделі әрі жаппай етек алған көптеген проблемаларға тап болдық. Халқымыздың көпшілігі не істерін білмеді. Әлеуметтік сала тоқырап қалды. Ал халықаралық денгейде бізді терра инкогнито деп қабылдады.

Еліміздегі ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыс және қоғамдық сананы сапырылыстырылған өзгерістер жас мемлекетіміздің болашағына қатысты көптеген пессимистік пікірлердің таралуына әкеп соқтырды.

Бәріміз үшін сындарлы болған осы кезенде тәуелсіз Қазақстанның бас архитекторына әрі идеялық тұрғыдан дем берушісіне айналған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың зор саяси таланты мен тұлғалық қасиеті тарих сахнасында айқын көрінді.

Жас республикамыздың егемендігін занды түрде ресімдеп, институционалды тұрғыдан нығайту үдерісінің мәні зор еді. Әсіресе өзіміздің ұлттық рәміздерімізді анықтап, оны азаматтарымызға және бүкіл әлемге таныстыру аса қажет болды.

Бұл қадамның бүкіл идеологиялық маңызын түсінген Тұнғыш Президент Қазақстанның ресми Туын, Елтанбасын, Әнұраның әзірлеуге тікелей өзі атсалысты. Күрделі шығармашылық үдеріс 1992 жылғы 4 маусымда аяқталды. Осы күн жаңа Мемлекеттік рәміздер күні ретінде белгіленді.

Шамамен 15 жылдан кейін еліміздің Әнұранының жана нұсқасы макулданды. Әнұран мәтіні авторларының бірі - Нұрсұлтан Назарбаев.

Егемендіктің маңызды визуалды-рәміздік атрибутиның бірісаналатын ұлттық валюта 1993жылы қарашада енгізілді. Қазақстан теңгесі еліміздің экономикалық дербестігін айтартықтай қүшейтті және қаржы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етті [2].

Еліміздің құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13 400 шақырым. Құрлықтағы шекараны делимитациялау үдерісі қысқа мерзім ішінде, 1992-2005 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Каспий теңізіарқылы өтетін шекарамыз 2018 жылы Ақтау қаласында шекара маңы елдерінің тиісті құқықтық Конвенцияғақол қоюмен түбегейлі орнатылып, бекітілді. Енді мемлекеттік шекарамыздың бүкіл периметрі бойынша көршилес елдермен арамызда даулы және шешілмеген мәселе жоқ. Шекараның тұтастығы көпжақты және екіжақты келісімдер жүйесі арқылы қамтамасыз етіліп, кепілдік беріледі.

Қазақстан өз тарихында алғаш рет заңды түрде реесімделген және халықаралық деңгейде мойындалған мемлекеттік шекараға ие болды. Жаһандық геостратегиялық белгісіздік және түрліелдер арасындағы қақтығыстардың өршуі жағдайын ескерсек, бұл - Елбасының негізгі жетістіктерінің бірі.

Елбасының саяси ерік-жігері мен көрегендігінің арқасында Қазақстан кез-келген мемлекеттің шамасы жете бермейтін осынау зор жобаны табысты жүзегеасырды. Аз ғана уақыттың ішінде Астанаеліміздің ғана емес, сондай-ақ бүкіл өңірдің шын мәніндегі саяси, экономикалық, мәдениет және білім орталығына айналды. Жаңа елорда Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан қолайлы географиялық артықшылықты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы құші болды. Сондай-ақ жұртшылықты жұмылдыратын қуатты орталыққа айналып, көптеген ауқымды бағдарламалар мен маңызды бастамаларды байланыстыратын дәнекер қызметін атқаруда.

Әлем картасында жаңа тәуелсіз ел - Қазақстан Республикасы пайда болды! Қол жеткізген жетістіктеріміздің бәрі қуатты мемлекеттіліктің, жұдырықтай жұмылған жұрттымыздың және мықты көшбасшының арқасында жүзеге асты.

1993 жылы ұлттық валютамыз - теңгенің айналымға енгізілуі еліміздің қаржылық егемендігін нығайту жолындағы маңызды қадам болды. Сол арқылы қаржы жүйесін тұрақтандыруға және тәуелсіз ақша – несие саясатын жүргізуге мүмкіндік алдық. Нәтижесінде Қазақстан тікелей шетел инвестициясын тарту жөнінен ТМД елдеріарасындаалға шықты. Бұгінде оның көлемі 320 миллиард доллардан асты. Бұл - қолайлы инвестициялық ахуалдың әрі шетелдік серіктестердің елімізге және көшбасшымызға деген сенімінің айқын дәлелі.

Дағдарысқа қарсы батыл саясаттың және терең нарықтық трансформацияның арқасында Қазақстан 1997-1998 жылдардағы Азия қаржы дағдарысының және 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың қындықтарын женді.

Жаһандық нарықтардағы жағдайдың өзгеруі, озық елдердің төмен көмірсутекті экономикаға өтуі, цифрлы дәуірдің басталуы Қазақстан үшін XXI ғасырдағы жаңасынақ кезеңдері болды [3].

Тұнғыш Президентіміздің стратегиялық көрегендігі мен ерік-жігерінің арқасында Қазақстан құрлықшілік тұйықталуды еңсеріп, евразиялық маңызы бар транзиттік хабқа айналды. Ұзындығы 2787 шақырым болатын «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік салынды. Транс-каспий дәлізі қалыптасты. Оған Қытайдағы Ляньюнган шығыс порты, «Қорғас-Шығыс қақпасы» құрғақ порты, Каспий теңізіндегі Қазақстан порттары-Құрық пен Ақтауға дейінгі темір жол және автомобиль жолдарының желісі кіреді. Заманауи

логистикалық инфрақұрылым салынып, тұрақты контейнерлік қатынас орнады. Осылайша Қазақстан жүк тасымалдаудың әлемдік жүйесінің маңызды бөлігіне айналды.

Қазақстан жаһандық сауда және өндіріс жүйесіне табысты кіргіе. Сыртқы сауда айналымы 1995 жылдан бері тоғыз еседен асып, 9 миллиард доллардан 85 миллиард долларға дейін өсті.

2015 жылы ұзаққа созылған келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Дүниежүзілік сауда үйімінде мүше болды. Соның арқасында еліміз сыртқы нарықтарда тең құқықтарға ие болып, Дүниежүзілік сауда үйімінде сауда дауларын реттеу және шектеу шараларының алдын алу жөніндегі мүмкіндіктерін пайдалануға қол жеткізді.

Елімізде орнықты орта тап қалыптасты. Жан басына шаққандағы жинақ 1997 жылдан бері 240 еседен асып, 1900 теңгеден 2018 жылы 460 000 теңгеге дейін артты.

2012жылы «Қазақстан-2030» жалпы ұлттық стратегиясының барлық міндеттері мерзімінен бұрын орындалды. Еліміз әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына және орташа даму деңгейіндегі мемлекеттер тобына қосылды. Қазіргі бағдарымыз – «Қазақстан – 2050» стратегиясы. Соның нәтижесінде біздің республика Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінде жоғары стандарттарынасай болып, әлемнің озық дамыған отыз елінің қатарына қосылды.

Бүгінгі таңда республикамызда орнықты көппартиялы жүйе қалыптасты. Қазіргі уақытта 6 саяси партия ресми түрде жұмыс істеп келеді. Солардың үшеуі Парламент Мәжілісіне сайланды. Салыстырмалы түрде айттар болсақ, 1993 жылдың соңында елімізде екі - ак саяси партия ресми түрде тіркелген болатын.

Білім саласының инфрақұрылымдық базасы түбегейлі жақсарды. Тәуелсіздік жылдары білім саласында 2837 нысан бой көтерді, соның ішінде 888 балабақша және 1949 мектеп салынды.

Елбасы егемендіктің алғашқы жылдарында - ак еліміздің мамандарын білім берудің халықаралық стандарттары бойынша даярлаудың маңыздылығына баса мән берді. «Болашак» бағдарламасы маңызды жетістіктердің біріне айналды. Соның аясында 1993 жылдан бері 13 мыңнан астам қазақстандық әлемнің үздік жоғары оку орындарында білім алды.

Назарбаев Университетті және Зияткерлік мектептердің желісін құру бәсекеге қабілетті заманауи білім беру жүйесін қалыптастырып, «білім экономикасы» үшін мамандар даярлау ісіндегі тағы бір қадам болды. Сонымен бірге техникасаласы бойынша кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру шаралары қабылданды.

БҮҮ-ның бағалауы бойынша, бүгінде Қазақстан адами әлеуеті жоғары елдер тобына кіреді. Бұл тұнғыш Президентіміз жүргізген әлеуметтік саясаттың табысты болғанын айғақтайды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тынымсыз зияткерлік қызметінің нәтижесінде ондаған кітаптар мен доктриналар, тұжырымдамалық және бағдарламалық мақалалар жарықта шықты. Ол еліміз бен жалпы адамзаттың келбетін қалыптастыратын серпінді жобалар мен бағдарламаларға бастамашы болды [2].

### **ӘДЕБІЕТ**

1. // Қазақстан тарихы. – 2017. - №1.
2. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – 2007.
3. Қазақстан тарихы. – 2016. - №2.

### **РЕЗЮМЕ**

Национальный дух возрождения и модернизации нашей государственности был одним из лидеров нынешней глобальной политики - Нурсултана Назарбаева. Его подчиненная личность веками привела нас к плодородной земле для нашего счастливого потомства.

### **SUMMARY**

The national spirit of revival and the modernization of our statehood has been one of the leaders of the current global policy - Nursultan Nazarbayev. His subordinate personality for centuries has led us to a fertile land for our happy offspring.

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

*Боранқұлова Гүлдарига Айтбайқызы,*

*қазақ әдебиеті пәннің оқытушысы,*

*«Болашақ» медициналық колледжі;*

*Нұргалиева Бибігүл Кәрімқызы,*

*құқық негіздері пәннің оқытушысы,*

*«Болашақ» медициналық колледжі*

Түрлі ақпараттар ағыны басымдық алған бүгінгі жаһандану кезеңінде әдебиет пен өнердің маңызын арттырып, білім мен ғылымның рөлін көтеру ұлттық құндылықтарды сактаудың және кері құбылыстарға тосқауыл болудың бірден-бір жолы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: қоғамдық сананы жаңғырту бойынша қойылған нақты міндеттер білім беру саласында мемлекеттік саясатты ұйымдастырудың негізі болып табылады» [1] деп атап көрсетті. Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртуудың кезеңі жаһандық өзгерістер кезеңінде Қазақстандық жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беру жүйесінің жаңартылған басымдықтарын айқындайтын, қоғамдық сананы жаңғыртуудың басты бағыты, тұтас педагогикалық үдерістің бірыңғай рухани-адамгершілік білім кеңістігін құру және құндылықты бағдарлы әлеуетін күшейту міндеттерімен тікелей байланысты.

Өскелен өмір талабын ойдағыдай жүзеге асыруда қоғамның бар саласында да аяnbай тер төккен қажырлы еңбек, ықдаһатты ізденіспен бірге қай құбылыстың да күрделі табиғатын қара дүрсін түсінбей, қапысыз зерттеп, түбегейлі тани білудің маңызы зор. Бұл, әсіресе, қайбір халықтың болмаасын ең қымбат қазынасы – рухани қазынасын байытуға тікелей қатысы бар білім мен ғылымға айрықша қажет. Өйткені, дүние ұғымынан тек дүмбелез нәтиже ғана өркен демекші. Кемелділікке қол жеткізу үшін ізденістің қажет екендігін айқындал берген көркем сөз иелері рухани қазынаны байытуда қажырлы еңбектің маңызы зор екендігін атап айтады. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» [2] деген ұлт ұстазы Ы.Алтынсарин сөзін еске түсерер болсақ, елінің ертеңі – ертегіде жатқанын, Қазақ жұрты ғана емес барша халық ертеден-ақ сезініп ертегілерін құрастырған.

Қазақ даласы жақұт жырлары мен әсем күйлері, сырға толы сазды әндері мен сиқырлы ертегілерін айтып, небір санлақтарды киелі бесігінде тербетті емес пе?! «Қазақты» ертегісіз елестету мүмкін емес

деп ойлаймын өз басым. Ертегінің өзінде қазақ халқының ғасырлар бойғы көңіліне тоқыған білімі, жалпы дүниетанымы сипатталады.

Ізгілікті педагогиканың жаршысы Ш.А. Аманоашвили: «Уақыты өтіп, келмеске кетіп бара жатқан технократизм заманы мен басталып жатқан Жүрек және Рухани заманының тоғысында мәртебелі рухани және адамгершілік құндылықтар жаңғыруда, құндылықтар жүйесін сарапау жүзеге асырылуда. Білім саласын жаңартып, рухани, ізгілік және ізгілендіру жағынан, тұлғаны дамытуға арналған жүйелерді іздеуге бет бұрумыз қажет. Жаһандану - әлемнің өзара байланысын жене дүниежүзілік тұтастырын нығайтады, жалпы ғаламшарды әлсіз, осал жасайды» [3] деп жаһандану процесінің ықпалын түсіндіріп берген болатын. Сол себепті деаз ұлттар ұлы державалы мемлекеттердің тамағына жұтылып кетпеудің жолы: оқу орындарында білім алушы жастардың ізгілікті адамгершілік қағидаларын және жеке тұлға ретінде қалыптастырудың тиімді жолдарын бағдарлады.

Білекке сенген заманда /Ешкімге есе бермедік// Білімге сенген заманда/ Қапыда қалып жүрмелік, - деп Абылай хан бабамыз осыдан үш ғасыр бұрын айтқан екен. Көреген бабамыз келер ғасырлардың білектілердің заманы емес, білімділердің заманы екенін қапысыз болжаған. Ал қазіргі жаһандану заманында адам баласы тек зор білімнің арқасында ғана алға шыға алады. Сондықтан да біз, өскелен ұрпақ алдында зор жауапкершілік тұрғанын түсінуіміз қажет. Сонау ежелгі заманнан Білге қаған, Құлтегін, Тонықөк, Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қожа Ахмет Йасауи, М.Қашқари, Асан қайғылар армандаған «Мәңгілік ел» идеясын жалғастыруымыз керек. Еліміздің мәнгі болып қалуы біздің қолымызда, білімді ұрпақтың қолында екенін ұғынуымыз керек. Қазақстандағы білім мен ғылым дамуын қарастырғанда оны Орта Азия мен Қазақстан территориясында дүниеге келіп, олардан шыққан ғұламалар мен мен оқымыстылардан боліп қарамау керек. Ислам –адамзат тарихында айрықша үлес қосқан үлкен өркениет. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым гүлденіп, адамзат адамгершілік пен парасат шынына көтерілген. Шөліркеген даладай қуаңсып, суалған көлдей құлазыған мекендер исламның келуімен көгалды шалғын, көк майсалы жерлерге айналды. Ислам діні Орта Азияға, оның ішінде Қазақстанға біздің дәуіріміздің YIII ғасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлықтар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқастағы бауырларымыздың женісі бүкіл Ортаазиялық аймаққа ислам дінін ғана емес, сондай-ақ оның білімі мен ғылыминың, мәдениетінің де еркін таралуына жол ашты.

Қасиетті Құран кәріммен бірге қазақ даласына үлкен ислам өркениеті келді. Ғылым, білім жанданды. Қалалар салынды. Онда медрессерлер мен ғылыми ошактар жұмыс істеді. Жергілікті халық арасында Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұни,

Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри секілді өз шығармаларында имандылықты марапаттаған терең ойлы ғұламалар шықты. Олар бүкіл мұсылман шығысы мәдениетінің мақтанышына айналды. Бабалар мұрасы қашан да бізді рухтандырып отырады. Біз ежелден ділі, тамыры терең құндылықтары бар елміз. Солай бола тұrsa да Қазақтар көшпелі болды, жазу-сызу дамымады, олардың арасында мұсылмандық жақсы тарамаған деген жаңсақ пікірлер үстем алғып келеді. Осындай жалған пікірлердің, миссионерлік саясаттың кемсітуімен ұлы далада туып-өсіп, әлемдік өркениетке үлес қосқан қаншама ғұламаларымыздың аттары аталмай, еңбектері еленбей ғасыр парактартары арасында шаң басқан қалпында қалып қойды. Жаратқан бізге тәуелсіздік сыйлап, өз елімізге тән рухани, діни, мәдени жәдігерлерімізді қайта жаңғыртуға қол жеткізді. Біздің әдебиетіміз мен мәдениетіміздің тамыры тым тереңде жатыр.

Ұлы даламызда Отырар, Женд, Түркстан, Сығанак, Баршынкент, Аркөк, Сауран, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болғаны біздің рухани жетілумізге, рухани тоқ болуымызға нелер ықпал еткендігін осылардан—ақ көруге болады. Орта ғасырларда түркі тектес халықтар арасынан аттары әлемге әйгілі көптеген ғұламалар шыққан. Олар: Әбу Нәсір әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райан Бируни, Ж.Баласағұни, А.Жүгінеки, М.Қашқари, А.Иасауи, Раванди Хорезми, Қадырғали Жалайыри, Хайдар Дулати т.б. Олар ғылымның әр саласы бойынша жазған еңбектері мен әдеби шығармалары арқылы арқылы ғылым мен білімнің даму тарихынан лайықты орындарын алды. Олардың ішінде ең шоқтығы биігі әлемнің екінші ұстазы атанған шығыстың ұлы ойшылы, біздің жерлесіміз әмбебап-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше болатын. Ол өмір сүрген заман Шығыс әлемінде, әсіресе Араб халифатында ғылым мен білімнің дәуірлеп тұрған кезі болатын. Араб фалифаты Бағдатты дүние жүзіндегі ең үлкен ғылыми орталыққа айналдыру мақсатында өзі жаулап алған жерлердегі барлық ғалымдарды сонда жинаған, онда «Ғалымдар үйін» ашқан. Бағдаттағы «Ғалымдар үйінің» маңдайшасындағы: «Ғалым қаламының сиясы қаннан да қымбат» деген сөз әл-Фарабиді қатты толғандырады. Аз уақыттың ішінде араб тілін үйренеді. Грек ойшылдары Аристотельдің, Евклидтің, Платонның, Галеннің, Архимедтің еңбектерімен танысады. Айтайын дегеніміз сонау ерте ғасырларда дүниежүзілік білім мен мәдениеттің тарихын жан-жақты менгерге отырып: «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы», - деп педагогикалық жүйесінің іргетасы-адамды тәрбиелеу, оқыту мәселесіне дең қойғандығы. «Қайырымды қаланың тұрғындары», «Бақытқа жету жолдары», «Азаматтық саясат» атты еңбектерінде адам және оны қоршаған ортаға қатынасы туралы ілімін жасады. Адам өмір сүрген қоғамда халықтың қараңғылығы мен надандығы және олардың

тұрмыс жағдайының төмен, нашар болмауын арманадады. Ол кемшіліктерді болдырмау үшін ғылым-білімді тарату, қанауды жою, әділдік орнату, соナン соң адамгершілікті және жан-жақты дамыған адамды жетілдіретін қоғам орнатуды арманадады. Ол барлық қоғамды «ұлы», «орташа», «кіші» деп үшке бөлген. «кіші қоғамды» ол жетілген адамның бірінші басқышы, онда тәрбие мен білім беру жүйесі адамды жан-жақты тәрбиелеу және оның адамгершілігін қалыптастыру деп санады. Қоршаған дүниені адамның тану негізіне ол «ақылды» қойды. Оның пікірінше ақылды адам ғана жаңа білімдерді менгереді, ол өзінен бұрынғы ұрпактар тәжірибесін қабылдай алады және қолдана алады» деп есептеді.

Тәрбие мен білім беру мұраты - ғылыми білімдерді шәкірттердің менгеруі және олардың эстетикалық жағынан жетіліп, парасатты, жан-жақты дамыған адам болып тәрбиеленуі. Жан-жақты білімді, парасатты болу үшін, оның пікірінше «Адам алдымен жаратушыны мойындау, аспан әлемінің және табиғат құбылыстарының заңдарын білу, өзінің және басқалардың жан дүниесін түсіну, мемлекеттік және саясат ғылымдарын менгеруі тиіс», - деп халыққа білім беру мазмұнын анықтады. Отырар ғалымдарының ақыл мен ғылымға берген пәлсапалық тұжырымдары парасаттылыққа арналған шын мәніндегі ода секілді болатын. Ислам дәуірінің ғұламалары дүниедегі күллі нәрседен ақыл мен ғылым, имандылықты жоғары қайған. «Білімділік пен имандылық қана адамды тәрбиелей алады» деп қорытындығы келген.

КР-ның Бас мұфтиі болған, профессор, шейх Әбсаттар қажы Дербісөлі «Қазақ даласының жүлдиздары» еңбегінде: «Жүрттың көпшілігі күні бүгінге дейін тек Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана біледі. Шынында да, Отырар тек Әбу Насырды ғана берді ме? Біздің зерттеулеріміз бір Отырардан 30-дан астам майталмандардың шыққанын дәлелдеп отыр» [4, 269 б.] дей келе, оған жауап ретінде X-XVIII ғасырларда қазақ даласының ғалымдары мен ойшылдарының өмірі мен қоғамдық ортасы, еңбектерін, әдебиет пен мәдениет тарихындағы мәртебесін айқындаپ береді. Сонымен қатар, оннам астам керделилер, жеті Түркстанилер, 40 таразилер, жеті жендилер және т.б еңбектерін тауып, ғылыми айналымға енгізді. Мысал ретінде сегізінші ғасырларда өмір сүрген Отырарлық Әбу-л-Қасым әл-Фарабидың «Таза шындық» аталатын еңбегіндегі (аударған Ә.Дербісалин. Кітап елу тараудан тұрады) білім мен ғылымның адам өміріндегі маңыздылығына тоқталады. «Ақыл жайлы» деген алғашқы тарауда ғұлама ғалым: «Ақыл-жарқыраған жақұт. Оны құдіреті күшті, ұлы Алла мимен бірге дөнгелек етіп жаратқан. Жүрек арқылы ол жасырын (нәрсе) сезім бақылауымен танылатынды аңғартады. Ол былай әнгімеленіпті. Алла Тәнірі жарылқағыр-Жебірейіл періштеге ақыл, иман, ұятты беріп, тыныштықты бөленгір адамға жұмсайды.

Осыларды қалауынша таңдасын дейді. Адам ақылды таңдайды. Жебірейіл: «Иман, ұят сендер кетіндер. Адам ақылды таңдады» депті. Соңда иман ұятқа: «Сен кете бер ұят. Алла тағала маған ақылмен бірге өмір сүруді бұйырған», -дейді. Ұят: «Күдіретті күшті Алла тағала маған иманмен бірге болуға өмір еткен», - дейді. Сонында үшеуі де адам бойында тұрақтап қалады. Орта ғасырдағы білім иелерінің айтудынша: «Адам өмірі жан арқылы болады. Жанның тіршілігі Алланы еске алумен, еске алудың ғұмыры жүрек арқылы, жүрек өмірі ақылмен, ал ақылдың өмірі ғылыммен болады. Жан өмірі рухта, рух өмірі есте, ес өмірі жүректе, жүрек өмірі ақылда, ал ақылдың өмірі біліммен болады». Және Алла тағала көк пен жердің тізгінін адамға ұстарттым деген. Бұдан шығатын түйін: Адамға Абай айтқандай, «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» керек. «Көзі соқыр надан емес, көкірегі соқырлардан» сақтануымыз керек. Ол үшін ғылым мен білім жайын үйреніп, өркениеттен қалмауға тиіспіз. 665-661 жылдар аралығында мемлекет басшысы болған және оқымысты Эли ибн Әбу Талиб: «Ғылым-өзен, даналық-теңіз. Фалымдар өзен жағасында жүреді, ал данышпандар теңіздің ортасында тұрып сұнгиді, білімділер кемеде тұрып қауіптен құтылу жайлы хабар беріп тұрады» деген. Түркі ғұламасы Қожа Ахмет Йасауи «Ғылым жайлы»: «Ғылым –ұғынықты да, ақылға қонымды бүкіл ақиқаттың күзетшісі. Тыныштық пен батаға бөленгір пайғамбармыз: «Бұл дүние мен ол дүниенің жамандығы надандықта. Бұл дүние мен ахирет тіршілігінің бар жақсылығы білімде. Ал бұл өмір мен арғы дүниенің бүкіл жаманшылығы көр соқыр надандықта. Бір ғалым Алла тағаланың назарында мың шейіттен де кадірлі» [5]. Сөйтіп, пайғамбарымыздан бастап дүниедегі күллі нәрседен ақыл, білім мен ғылым, имандылықты жоғары қойған. Білімділік пен имандылық қана адамды тәрбиелей алады. Адамның надандығы оның білімсіздігінен дегенді олар ашық айтқан.

XIX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақтың ағартушы-педагогтары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Х. Досмұхамбетов т.б еңбектерінде қазақтың ұлттық мектебін жасау, ұлттық тәрбие беру және оған болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері нақты қойылып, оларды шешу жолдары көрсетілген. Олар ғасыр басында біздің сан ғасырлық тарихымызда тұнғыш рет халықты әлемдік айдынға алып шығуға жан-тәндерімен кірісті. Сонымен бірге ұлт ұстаздары тәлім-тәрбиелік еңбектер жазуда өз ұлттының салт-санасын үніле зерттеп, сан ғасырлық тарихы бар атабабаларымыздың халықтық педагогикасы мен психологиясына терең зерттеулер жасады. А. Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екендігін айттып, өзінің ұлттық идеясын насиҳаттады. «Әдебиет

танытқыш», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар» еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Мысалы, «Әліпбидегі»:

Жақсыдан жаман туады, //Бір аяқ асқа алғысыз,

Жаманнан жақсы туады, //Адам айтса нанғысыз, - деген өлең жолдары адамның жақсы не жаман болуы оның тегіне емес, тәрбиесіне де байланысты деген тұжырым жасады. Алаш ардақтысы А. Байтұрсынов өзіміздің елдігімізді сақтау үшін біз мәдениетке, білімге ұмтылуымыз керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиістіміз. Бұл мәселеде біздің халіміз онды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қалдырып барады. Бұл ерекше жаман әдет. Қазақ даласында оқу-ағарту жұмысынан қозғалыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін», - деген талапты қойды. М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі қазақ топырағында тұнғыш жарық көрген нағыз ұлттық педагогика оқулығы болса, Ж.Аймауытовтың «Психологиясы», «Жан жүйесі және өнер тандау», «Тәрбиеге жетекші» еңбектері ұлттық психологиямызды жүйелеген ғылыми еңбектер болды. Мағжан: «Бала ертегіні жан тәнімен тындаиды. Шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп айтып берсөн ғана ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөз желге айтқанмен бірдей, егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсан, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян шеккенін суреттеп алып келсөн, міне бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ғана түсінеді». Орыс учительдерінің аузында бір сөз бар-қазақ баласы әдебиет, тарих секілді ғылымдарға зерек болмайды. Бәлкім, математика пәннің зерек болады» дегенмен келіспеймін. Бұл қате пікір. Менің ойымша, - дейді қазақ баласы математикаға ғана емес, әдебиет, тарих, жаратылыш, жағрапия сынды ғылымдарға зерек, дәлелім қазақ баласының жаратылышы соны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы-қазақ баласы да қиялқұмар. Қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті».

Ж.Аймауытов «Психологиясында» жас ұрпақтың жан қуаттары мен ой жүйесінің дамуында бірнеше пәннің әсері, рухани нәркітаптың, соның ішінде оқу пәні- тарихтың әсер ықпалы басым болатынына ерекше тоқталады. Өмір, қоғам, ғылым - бәрі тарихтан қозғайды. «Әр ғылымның өз тарихы бар» деп түрлі ғылым салаларымен байланысын да бөлекше айтады. Тарихы 4-сыныптан бастап оқытып, оған дейін оқып-жазуды үйрену, қоршаган ортаны, жағрапияны білу керектігін айтады. Бұл пәндерді байланыстырып «Біздің Отан» деген ортақ атпен оқыту туралы ұсынысын алға тартады. Аймауытовтың пәндерді интеграциялау, мақсат-

мұраттарына қарай топтастыру міндеті - бүгінгі уақыттың талаптарымен үндес келеді. Ұлт мектептерінде ұлттық тәрбие мен білім берудің міндеттерін ашып көрсетті.

М.Әуезов: «Ұлынды тәрбиегенің – халқынды тәрбиелегенің, Қызынды тәрбиелегенің – ұлтынды тәрбиелегенің» дейді. Ұрпақ тәрбиесінде орнын таба алмай жүрген сабак бар. Ол - Намыс, Рух сабағы. Рух қанға қарын арқылы емес, қанға сана арқылы жететін құдіретті күш. Рухани дамудың ең өзекті саласы ол - білім мен ғылым саласы. Білім беретін, бұлак көзін ашатын сала - білім ошактары. Білімді беретін ұстаз. Л.Толстойның: «Оку орындарында қажеттісі бар, қажетсізі бар бәрін оқытады. Бақытты болу жолы, адамшылық пәні оқытылмайды», - дегені кешегі әл-Фараби айтқан және бүгінгі күннің де бар шындығы да осында жатырған сияқты. Жалпы білім екі түрлі болады. Бірі бастағы білім, бірі-жүректегі білім екен. Бастағы білім көпшілікке арналған, ал жүректегі білім таңдаулы адамдарға арналған. Жүректегі білімді пайдалы білімдердің қатарына жатқызады. Көп оқи берсін, жүрекке тоқығаны жоқ адамды қазақта «оқыған» деген де қойған. Оқығаннан тоқыған жақсы дейді. Мәшіүр Жүсіп Көпееев: «Ғылымның бірінші пайдасы - адам мінезін өзгерту. Айтушының аузынан айтқан сөзді тындаушы жүрегімен тындалап, қабылдаған кезде оны біз «Һәл білімі» дейміз. Яғни, біз оны пайдалы білімдердің қатарына жатқызамыз» деп, пайдалы білім даму үшін кез келген білімді жүрекке току маңызды екен. Алған білімін жүректе тоқып, оны өмірде іске асыра алса бұл еңбектің босқа кетпегені. Бүгінде біржакты, тек ұлттық біліммен ғана сусындалап, қалған білімді қажетсінбейтіндер көбеюде. Бұл шынында шектеулі адамдардың пікірі. Жалпы, ақылды адам ұлттық шенберде қалып қоймауға тиіс. Әлем әдебиеті жауһарларын шығармашылық адамы міндетті түрде менгеруі тиіс. Шетелдің білімінен қорықпау керек. Алла тағала бізге ақылды жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін берген. Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов: «Халықтың кемелденуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек».

## ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Аманошивили Ш.А. Основы гуманной педагогики. В20.КН.2. Как любит детей. - М.: Армита-рус, 2012.
3. Дербісәлі Әбсаттар қажы. Руханият және өркениет. – Алматы, Атамұра, 2016.
4. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. - Алматы, 2005.

## **РЕЗЮМЕ**

В статье определены цели обучения и воспитания: освоение обучающимися основ научных знаний и становление их как эстетически совершенной, гуманной, всесторонне развитой личности.

## **SUMMARY**

The aim of the article is to educate students about the knowledge of the subject and their aesthetically mature, intelligent and well-educated person.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖЭНЕ  
ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

## БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУДА ТӘРБИЕЛЕУ – ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Бердибаева Гулмарал Ганиевна,  
оқытушы,  
«Болашақ» университетінің колледжі*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» мақсаты: мектепке дейінгі сапалы тәрбиемен және оқытумен толық қамтуды, оларды мектепке даярлау үшін мектепке дейінгі тәрбиелеудің және оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуді қамтамасыз етуді жүктейді.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың тұжырымдамасы ұсынылып, мақсат, міндеттері нақтыланып – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік жалпы білім беру стандарты, базистік оқу жоспарлары, индикаторлар мен оның мазмұнын жүзеге асыратын арнайы бағдарламалар дайындалып, оқу-әдістемелік құралдары әзірленді.

Мемлекеттің алғашқы басшысы бала тәрбиесіне, оларды ғаламдық өзгерістерге дайын етіп өсірудің қаншалықты маңызды екенине біздің назарымызды үнемі аударып келеді. Оның айғағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелеріндегі 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың бес білім беру салаларының үйлесімді бірігуі арқылы ерте жастан дамуын қарастырады. Практикалық жүйе көрсеткендегі бала ерте жастан, яғни туылғаннан бастап 3 жасқа дейінгі аралықта қандай тәлім, тәрбие алса бала соған икемді болады. Сондықтан балаға қандай тәлім – тәрбие мен білім берсек те оларға ерте жастан, яғни бала туылғаннан бастап 3 жасқа дейін толық жағдай жасауымыз керек екен. Тәрбие мен оқу – бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын курделі процесс. Сондықтан тәрбие мәселесіне көніл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру – әрбір тәрбиешінің тапқырлығы мен шығармашылығын талап етеді [1].

Ғалымдар туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі кезеңді баланың дамуындағы маңызды кезең-ерте балалық шақ кезеңі, – деп атап көрсетті.

Дүниеге келген алғашқы құндері мен айларында және ересек пен баланың өзара қарым-қатынасы қандай жағдайда, қалай қаланатын болса, баланың кейінгі өмірдегі қабілеті, мінезі, эмоциялық және денесінің даму жағдайы айтарлықтай дәрежеде соған тәуелді болмақ. Аталған мәселе бойынша көптеген отандық және шетелдік

ғалымдар мен педагогтар, психологтардың зерттеулеріне көз жүгіртіп өтейін:

Ресей ғалымдарының (Г.Б. Корнетов, М.Ф.Шабаев және б.) ойларынша ерте жастан тәрбиелеу ерекше әлеуметтік қызмет болып табылады. Жаңа туған нәресте уақытының көп бөлігін анасымен өткізеді, онымен тәрбиеленеді. Ана мен баланың арасындағы байланыс омыраумен қоректендіру арқылы бекиді. Оның денсаулықты сақтайтын маңызы бар және бала психикасының дұрыс қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ағылшын ғалымы, врач-педиатрі туғаннан бастап балалардың қарқынды зияткерлік және дене дамуы бағдарламасының авторы Г.Доманның ойы бойынша үш жасқа дейінгі балаларда ми қызметін ынталандыру есебінен баланы ерте жастан дамыту әдістемесі өте бірегей. Автор өзінің зерттеулерінде баланың интеллектісін және фотографиялық есте сақтауын дамытуға, сондай-ақ, күні бойы санаулы минуттар емес, тек секундтарды жұмсап, баланың алдағы жақсы оқуы үшін мықты іргетас қалауға болатынын ғылыми түрғыда негізdedi.

Балаларды ерте дамытуды Франция, АҚШ, Жапония, Германия, Италия, Перу, Кения және басқа да көптеген елдердің педагогтары тәжірибеге енгізуде. Латын Америкасы ерте дамытуды қолға алғып, әлемдік ерте даму жүйесіне үлестерін қостық деп санайды. Ресей ғалымдары (Никитиндер жүйесі, Зайцев текшелері), Жапония (Масару Ибука), Финляндия, АҚШ (Глен Доман, Сесиль Лупан) және басқа дамыған елдерде ерте жастан бастап, балалардың интелектуалды дамуына қаржы салу арқылы әл-ауқаттың артуын байланыстырады.

Бұл мемлекеттердің барлығында мектепке дейінгі ұйымдар желісі мен жанұяда жүзеге асырылатын интелектуалды дамыған баланы тәрбиелеуде ғылым мен жаңа ақпараттық технологиялар жетістіктері қолданылады.

Ана мен бала тәрбиесі» («Воспитание матери и ребенка») атты оқу құралы отандық педагогиканың алтын қорына енді. Кейінгі кезде мектепке дейінгі тәрбие мәселесіне Б.Б.Баймұратова, М.С.Сәтімбекова, Г.Х.Дүкенбаева, М.Б.Бигалиева, т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты. Баланың мектеп жасына дейінгі дамуы мен қалыптасуы жөнінде зерттеулерді С.Н.Жиенбаева, Ф.Н.Жұмабекова және басқалар жалғастыруды.

Тәрбиелеу – оқыту үрдісі екі бағытта – ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінде және баланың дербес әрекеттерінде ұйымдастырылады.

1. Ерте жастың 1-ші және 2-ші (туғаннан 2 жасқа дейінгі) топтарында арнайы ұйымдастырылған ойын-әрекеттерінде және 1-ші кіші топтағы (2 жастан 3 жасқа дейін) ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде;

2. Баланы ерте жастан дамытудың ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілген режимдік сэттерде (баланы ертенгілік қабылдан алғаннан бастап, серуен кезінде, ұйқыға дайындық, тамақтану кезінде) жүзеге асырылады.

Ерте жастағы балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының негізі арнағы құн тәртібі ережесімен реттеледі. Талапқа сәйкес баланың белсенді іс-әрекеттері, ұйқысы, тамақтануы уақытымен және белгілі бірізділікпен дұрыс жүргізуі тиіс. Мектепке дейінгі ұйымдардағы стандартталған құн тәртібін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес балалар дәрігері мен педагогтар бірлесе отырып әзірлейді. Құн тәртібіндегі барлық ұрдістер біртінділік, бірізділік және жүйелілік ұстанымдарына сай жүзеге асырылады.

Уш жасқа дейінгі баланың құн тәртібі – бұл тәрбиенің негізі.

Баланы ерте жастан дамыту мына жағдайларды сақтағанда:

➤ Ерте жастағы баланы жалпы дамытуды көздейтін заттық-кеністіктік дамытушы ортаны ұйымдастырғанда;

➤ Баланы дамытуға бағытталған логикалық тәсілдер бойынша жинақталған ойындарды кенірек қолданғанда;

➤ Ойын тапсырмаларын орындау кезінде балаларға мүмкіндігінше дербестік бергенде табысты жүзеге асады [2].

Ересектер ерте жастағы балаларды заттар әлеміне енгізеді, олардың қызметімен және неге арналғандығымен таныстырады, қоршаған ортаны тануға бағытталған іс-әрекеттерін ынталандырады. Осыған байланысты, құннің кез келген уақытында өз қалауынша заттармен әрекет етуге, ойнауға, қозғалу мүмкіндігіне ие болатын пәндей-ойын дамытушылық ортасымен қамтамасыз етілуі қажет. Сол себепті:

- қозғалыс белсенділігін қажет ететін ойыншықтар және жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың орындарын жиі ауыстырып, санитарлық өндеу тәртібін сақтау;

- баланың қолы жететін жерге автодидактикалық, ойын материалдарын орналастыру;

- ойын бөлмелерінде өзгертуге жеңіл тақырыптық дамыту орталықтарын жабдықтау: «Өнер», «Сенсорлық-құрылыш», «Көңілді доп», «Табигат бұрышы», «Құм және су», «Ертегі аралы», «Ас үй», «Сәндену бұрышымен»;

- әрбір орталықта балалардың жеke қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, тәрбиелеу және дамыту міндеттеріне сүйене отырып, дидактикалық және ойын материалдарын іріктеу;

- мектепке дейінгі ұйым мен отбасындағы жағдайларға қойылатын талаптардың бірыңғай болуы маңызды.

Бала үшін ойынның және заттармен әрекет жасаудың алар орны ерекше. Өмірінің екінші жылында бала ойында заттармен манипуляция жасаумен айналысады жалғастырады: алмалы-салмалы

оыйншықтармен ойнайды, текшелерді бірінің үстіне бірін қояды, пирамида дінгегінен шығыршықтарды алып, қайта кигізеді. Заттармен әрекет жасай отырып, олардың қасиеттерімен танысады. Заттармен әрекет жасау еліктеу қабілеттері мен қол қымылдарының үйлесімді дамуының арқасында біртіндеп курделі сипатқа ие болады. Бала кірпіштерді қырымен қояды, қоршау жасайды, таныс заттарды (поезд, орындық) атайды және тағы басқа заттарды қолдана отырып, салыстыруға, теңестіруге үйренеді, яғни іс-әрекетті ойлана отырып жүргізеді.

1 жас 3 айдан бастап, 1 жас 6 айға дейін бала жаңа іс-әрекеттерді орындаі бастайды, ересектер мен жасы үлкен балалардың іс-әрекеттеріне қарай отыра, тәрбиешінің қимылын қайталап, көргендерін орындаиды. Ол бейнелеу әрекеттері деп аталады, 2 жастың сонына қарай бірізділікті қажет ететін сюжеттік ойындарға ауысады. Өйткені, бір жарым жасқа дейін бала көзбен көргенінің әсерінде болады, оның тәжірибелері мардымсыз, ойындары тұрақсыз, ал ойын жағдайын тәрбиеші дайындаиды. Келесі жарты жылда ойын едәуір тұрақты бола бастайды, бала бір затпен әртүрлі іс-әрекеттер орындаиды. Егер бір жарым жасқа дейін бала бір іс-әрекетпен 2-4 минут айналысса, екі жасқа қарай, өз әрекетін сөзбен түсіндіре отыра, 5-7 минутқа дейін айналыса алады. Біртіндеп ойын барысында ойлау қалыптаса бастайды: бала ойында ауыстырғыш заттарды қолданады, ересектердің қимылына еліктейді, өзінің іс-әрекетін басқа жағдайға ауыстыра алады. Балада көрнекі-қымылды ойлау қабілетінің негізі қалыптаса бастайды [3].

Ерте жастағы балалармен жүргізілетін тәрбиелеу-оқыту үдерістеріндегі жұмыстар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- әрбір баланы дамытуды мақсат ететін дамыта оқыту ұстанымдарына;

- ерте жастағы баланың жас және даму ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие салаларын кіркітіру ұстанымдарына;

- баланы ерте жастан дамытуға тікелей ықпал ететін білім, білік және дағды (құзыреттілік) қалыптастыратын тәрбиелік, дамытушылық және оқыту мақсаттары мен міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге [2];

Дамыта отырып оқыту ұстанымын психолог Л.С.Выготский ұсынған. Оның мәні жаңа материалды игеруге күш салу, бұрын қол жеткен деңгейден асып, алда болу. Осыған байланысты Л.С.Выготский ақыл – ой дамуының екі түрлі деңгейін анықтап берді:

- Баланың тапсырмаларды өз бетімен орындаі алатын әзірлік деңгейі;

- «Дамудың таяу аймағы» - бұл үлкендердің көмегімен баланың ары қарай өзі алып кете алуы.

Осы ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, тәрбиеші балаларға күш жұмысайтын, ақыл – ой белсенділігін талап ететін, жас ерекшелігін ескере отырып қын тапсырмалар береді.

Тәрбиелей отырып оқыту ұстанымының міндеті білім берумен қатар, қоршаған болмысқа, еңбекке, адамдарға қарым – қатынасты тәрбиелеуді талап етеді.

Оқу сағаттарының мазмұнын анықтай отырып, тәрбиеші тәрбиелік міндеттерді белгілейді. Мысалы, тәрбиеші балаларға ауырып қалған жолдастарына хат жазуды, әдемі суреттер салып жіберуді, сөйтіп, камқорлық білдіріп, көңіл бөлуді үйретеді.

Балалар тәрбиешінің көмекшісінің еңбегін бақылау арқылы оның жұмысымен, қаншалықты мол күш жұмсалатындығымен танысады, тәрбиеші балаларды оның еңбегін сыйлай білуге үйретеді [4].

Тәрбиелеу және үйрету әдістерінің көмегімен баланың қоршаған ортамен байланысы кеңиді: ол өзін-өзі ұстаудың кейбір ережелерін менгереді, үлкендердің талаптары мен тапсырмаларына бағынады, ересек адамдармен бірінші болып әңгіме бастайды. Басқа балалармен қарапайым қарым-қатынастары пайда болады: бала құрбылары мен олардың әрекеттеріне еліктейді, қызығушылық танытады, бірге ойнауға тырысады, басқа балалардың ойынына қосылуға талаптанады. Екі жастағы балалардың дамуында айтартықтай өзгерістер пайда болады, сондықтан да тәрбие жұмысында әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет [3].

Қорыта айтқанда, әрбір тәрбиеші баланың дамуына ерте жастан бастап еш ерінбестен, өз шығармашылығын көрсете отырып, әрбір баланың өз ерекшелігін ескеріп, күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып отырса, болашакта біздің мемлекетімізді дамытып, гүлдендіретін, азамат пен азamatшалар тәрбиеленеді. Өйткені, баланың дамып, жетілуі ерте жастан басталатының ұмытпауымыз керек. Болашакта, мен де балалардың ерте жастан бастап жақсы дамып, жетілуі үшін бар күшімді жұмысайтын боламын.

## ӘДЕБИЕТ

1. <https://videouroki.net/razrabotki/miek tiepkie-die iinghi-t-rbiie-mien-ok-ytudyn-zhan-artylg-an-mazmu-nyna-s-ikies-i.html>
2. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған тәрбиелеу-оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік құрал // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген. – Астана, 2015.
3. «Алғашқы қадам» мектепке дейінгі мекемелерге арналған бағдарлама. – Астана, 2010.
4. Андабекова С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2014.

## **РЕЗЮМЕ**

Разработана концепция обновления содержания дошкольного образования, определены цели и задачи. «Разработаны государственный образовательный стандарт дошкольного образования и обучения, основные учебные планы, специальные показатели для реализации показателей и содержания, разработаны учебно-методические пособия.

## **SUMMARY**

The concept of upgrading the content of pre-school education has been developed and the objectives and tasks have been set out. "The state educational standard for pre-school education and training, basic curricula, special indicators for the implementation of indicators and content, have been developed and educational and methodical tools have been developed.

## МЕЙІРБИКЕЛІК ИСТИҢ МАҚСАТЫ

*Сұңқарбаева Алия Гинаятқызы,*

*арнайы пән оқытушысы,*

*«Болашақ» медициналық колледжі*

Болашақ медицина колледжінің ашылғанына үзак уақыт етпеседе, облысымыздағы орта медицина мамандарын дайындауда өзіндік орны бар оқу орны. Колледж материалдық техникалық базасы талапқа сай, білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Колледжде өмдеу ісі, мейіргер ісі, акушерия, зертханалық іс, дантист және фармацевт мамандактары бойынша мамандар даярлайды. Соның ішінде мейіргер ісі мамандығына тоқталғым келеді.

Мейірбикелік істің мақсаты: емделушіге аурудың белең алған кездерінде физикалық, психологиялық-әлеуметтік көмек жасап барынша аурудың салдарынан болатын жайсыздықтарды жою, науқасқа күтім жасау. Дәрігердің белгілегенін орындау мейірбике іс-әрекетінің негізі болғанымен ол тек қана бір бөлігі ғана болып табылады.

Мейірбике медициналық манипуляцияларды өз ережелері бойынша атқарып қана қоймай, науқастарға аурудың себебінен пайда болған түрлі келенсіздіктерге көмектесе алмаса, күтімнің мақсаты орындалмайды.

Мейірбикелік іс - ғылым және өнер. Мейірбикенің басқа да міндеттері – білімділік, жауапкершілік және мейірбикелік іске берілгендейдік. Ғылым дейтініміз - мейірбикелік іске білім, үнемі зерттеу, жетілу керек. Өнер дейтініміз - сол білімді, зерттеулерді үлкен жауапкершілікпен емделушінің физикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, жақсарту және қалпына келтіру мақсатында қолдану.

Қоғамдағы өзгерістерге және дансаулық сақтаудағы жетістіктерге байланысты мейірбикелердің емделушілердің алдында ролі өсті, сондықтан мейірбикелік іске қойылатын талаптар да өсті. Сондықтан енді бізге мейірбикелердің жаңа типін тәрбиелеуді қоғам талап етеді.

Медицина мамандағын қалаған білім алушылар үшін мейіргер ісі негіздері пәні негізгі пән болып табылады. Осыны ескере отырып, оқыту тәсілі барысында қазіргі заман талабына сай мамандарды дайындау мейірбикелік істің негізгі мақсаты. Оқыту барысының бір ерекшелігі білім алушының танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, есту, көру, қымыл жасау, ойлау, ынта, қабылдауды дамытуға бағытталуы тиіс. Медицина қызметкерлерінің үнемі

ізденісте болуы және үнемі білімін жетілдіріп отырулары олардың алдағы қызмет барысында өте керекті.

Мейіrbikelіk істің негізін қалаушы Флоренс Найтингейль күтімді екі сатыға бөлді. Науқас қүтімі және дені сау адам қүтімі. Қазіргі таңда мейіrbikelердің негізгі қызметін орындау барысында мейіrbikelіk істің мақсатына 4 міндет қойды:

1. Адамның бар денсаулығын барынша нығайту;
2. Ауру дың және түрлі жаракаттануларды болдырмау яғни алдын алу;
3. Аурудың салдарынан бұзылан ағзаның қызметтерін барынша қалпына келтіру;
4. Аурудың салдарынан болатын ауру сезімдерін азайту, аурудың азабын жеңілдешту.

Флоренс Найтингейльдің құрметіне 12 мамыр халықаралық мейіrbikelер құні қарсаңында колледжде бітіруші мейіrbikelер арасында қесіби «Үздік мейіrbike» сайысы өткізіліп тұрады.

Бұл сайыстар білім алушылардың өз мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыруға, білімдерін жетілдіруге және алған білімдерін іс-тәжірибеде қолданып, машиқтықты арттыруға үлкен себебін тигізеді.

Сайыс 3 турдан тұрды:

1. Таныстыру, менің таңдауым – мейіrbike;
2. Тестілеу;
3. Практикалық дағдыларды билет алу арқылы көрсету.

Сайысқа қаламыздағы емдеу мекемелерінен бас дәрігерлердің орынбасарлары мен бас мейіrbikelер қазылыш етуге шақырылды.

Әр білімнің арасында музыкалық үзіліс болып, колледж өнерпаздары өз өнерлерін көрсетті.

Сайыс барысында қатысушылар өз білімдерін толық көрсетуге тырысты. Симуляциялық кабинеттерде іс-машиқтықтарын көрсетіп оны көрермендер үлкен экраннан тамашалап отырды. Қызу сайыс соңынан сайысқа қатысушылардың жалпы алған бағалары есептелініп, орындар берілді. 1-ші орынды МБ-11-14-2 оқу тобының білім алушысы Ахметбекқызы Еңлік иеленсе, 2-3 орындарды Кеделова Гүлмира мен Есенова Жанар бөлісті. Жұлдегерлерге және сайысқа қатысушыларға сыйлыққа алдағы қызметтерінде аса қажетті қан қысымын өлшеуге арналған құралдар тапсырылды.

Осындай іс-шаралар тек мейіrbikelер арасындаған емес басқа да мамандықтар арасында апталықтар барысында өткізіліп тұрады. Бұл сайыстар білім алушылардың өз мамандығына деген қызығушылықтарын арттыра түсетеңін сөзсіз.

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Мұратбекова С.Қ. Мейірбике ісінің негіздері.
2. Бекетаева К.Т., Сейтмамбетова Н.К., Әкімниязова Н.Д.  
Мейірбике ісі негіздері.

## **РЕЗЮМЕ**

В статье освещены вопросы внедрения новых технологий при обучении медсестринскому делу в медицинском колледже «Болашак». Также затронута проблема привития обучающимся интереса к изучаемой профессии, навыков, необходимых при выполнении своих профессиональных обязанностей.

## **SUMMARY**

The article deals with the introduction of new technologies in teaching nursing at the medical College «Bolashak». Also touched upon is the problem of instilling in student's interest in the profession being studied, the skills necessary to problem their professional duties.

# **ФИЛОЛОГИЯ**

## БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТТИҢ ТАЛДАНУЫ

*Серібаева Жұлдызай Мұсілімқызы,  
колледжес әдіскері,  
«Болашақ» университетінің колледжі;  
Узакова Баян Болатовна,  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәннің оқытушысы,  
«Болашақ» университетінің колледжі*

Қалыптасқан көркем әдебиет тіліне тән белгілердің кең етек ала бастауы 20 ғасырдағы көркем проза үлгілерінен анық байқалады. Солардың бірі – Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» романы. Ауыз әдебиетіне тән белгілер романның басталу үлгісінен, сөйлем баяндауыштарының шақтық формасынан, кейіпкерлерді әңгімеге кірістіріп таныстыру ерекшелігінен анық байқалады. Ауыз әдебиетіне тән көркемдеуіш тәсілдер де мол. Ауызекі сөйлеу тілінің элементтері тұрақты тіркестер түрінде (ауыздарының сұры құрысып жүрді, топ жинап тәрбие қылу, тас бақадай қағыстыру т.б.), шешендік сөздер үлгілеріарқылы беріледі. Шығармада халық тілінің лексикалық, фразеологиялық мол қабаты пайдаланылды. Түсініктеме беруді керек ететін тұрақты тіркестер мен диалект сөздер де мол: тіл тарпай келу (сөйлеспеу), іргеден шығу (бөлектену), сүре болут (улken іс болу), әйкел (сөмке), акқүйрық қағаз (акша), көлденең билік (басқаша пікір) т.б. Кейіпкерлердің мақалданап, мәтелдеп сөйлеуі де, шешендік тіл өрнегінің келісті кестесі де бар. Өз тұсындағы халық тілінің мол байлығын пайдалана білудің өзі жазушы шеберлігінің бір қырын танытады.

Көркем әдебиет тіліне тән көркемдік сапа, эстетикалық қасиет сөздердің контекстегі көтерер жүгіне, алар салмағына қарай, образ құру ерекшелігімен өлшенсе керек. Көркем тіл жүйесіне қатысты ерекше белгі – сөздер өздерінің негізгі мағыналарында жұмсалатырып, жаңа байланыстарға түседі, қосымша ассоциациялар тудырады, сөйтіп шығарма идеясының арқау қазығынаайналады. Олардың байланысынан қосымша информация туып, олар жаңаойларға жетелейді [1].

Көпшілік Бердібек Соқпақбаевтың есімі ауызға алынса, «Менің атым Қожаны» еске алады. Сөз жоқ, «Менің атым Қожа» классикалық шығарма. Повесть ғана емес, повестің желісінде түсірілген фильмі де казак киносының классикасы еді. Абдолла Қарсақбаевтай дара режиссер мен Соқпақбаевтай таланттың бірлескен жобасынан классикалық дүние тумауы мүмкін емес еді. Эрине, «атын айта

бастаса, тілі таңдайына жабысып» қала беретін Қожаның кез келген баланың көңілінен шығуы мүмкін. Ал мен үшін «Балалық шаққасаяхат» пен «Өлгендер қайтып келмейдінің» орны бөлек. Соқпақбаев десе, ең алдымен, ойыма осы екі шығарма оралады. Неге еkenін білмейміз, Соқпақбаев шығармаларын оқыған сайын, әрбір кейіпкерінен қalamгердің өзін көргендей боламыз. «Менің атым Қожадағы» «Қара Қожа» да, «Жекпе-жектегі» Мұрат та, «Өлгендер қайтып келмейдідегі» Еркін де – жазушының нақ өзі. Ал «Балалық шаққасаяхат» – қalamгердің өмірбаяны, «өмір мектебі». Жазушы шығармашылығын оқыған сайын, әрбір бала өзінің бейнесін табады. Қаранышы, дәл тентек Қожадай баланы еліміздің кез келген түкпірінен кездестіруге болады. Болмаса, Мұрат сияқты чемпион болғысы келетіндер елімізден табылмауы мүмкін емес. Бала психологиясын дәл беруде қalamгердің шеберлігіне тәнті боласыз.

Ал «Өлгендер қайтып келмейді» ше? Романды оқыған сайын, соғыс жылдарындағы азапты тағдыр иелерінің бейнесіеріксіз кез алдыңызға келеді. «Үйге бір қайыршы бала кіріп кетті!» Роман туралы ойлағанда, тұп-тураосы эпизод еске түсетіні несіекен. Соғыстан кейінгіарып-ашыққан ауыл. ФЗО-дан қашып, турмеге түскен қашқын бала кейінрек қолына қalam ұстаган жазушығаайналуына дейінгі уақытта талай-талай қындықты бастан өткереді. Бұл оқигалардың бәрісоғыс кезіндегі әрбір ауылдан көрініс береді. Қalamгер шығармаларынан өзгелерге ұқсамайтын ашы сарказм, жеңіл юморды елемей қалу мүмкін емес. Бұл Соқпақбаевқа ғана тән машық болуы мүмкін. Өйткені әрбір шығарманы оқыған сайын Бердібек Соқпақбаевтың мінез-құлқы, табиғи болмысы ашыла түсетініайқын [2].

Б.Соқпақбаев көптеген классикалық шығармалардай кейіпкерлерін ұнемі жағымсыз жақтарымен көрсете бермейді. Оларды біртіндеп балалықтан арылтып, есейтеді, тірліктің кейбір қын сэттерінде сынға салады, шындаиды. Өмірден сабак алғызады, жақсыдан тағылым түйдіреді. Өз қателіктерінен үйретеді. Қиқар қылышынан арылтады. Жазушы әр кейіпкерді өмір тартысына араластырады, мінез-құлқын, ерекшелігін ғанаемес, арман, үміттерін де бейнелейді. Кейіпкердің сөйлеу тілі де, білімі, талабы, мінезі бәрі нанымды сомдалғаны сондай, ортамызда жургендей сезінетінбіз. Суреткердің әр әңгімесі, повесі, романы қалай баурап алса, А.Қарсақбаев түсірген, жоғарыдаайтқан «Менің атым Қожа» және «Балалық шаққа саяхат» фильмдері қанша көрсек те, жалықтырмайтын, қайта қызықтыратын құнды дүние. Тіпті кейбір тұстарындағы тұспалдап социализм заманын мінеп отырғанын енді ғанааңдағандаймыз. Мектеп күзетшісі Сәтбек пен арадағы диалогтар фильмде де қалжыңбас карт пен қиқар баланың мінез-бітімін айнаңтпай бейнелеуімен ұтымды. Немесе жайлauғa бара жатқанда

Сұлтан екеуі Жұмағұл шопанның үйінесоққан тұстағы Дәulet пен Сұлтанның диалогтары құлық пен сұмдықтың, аңқаулық пен пәктіктің айқасы іспетті. А.Қарсақбаевтың мықтылығы осынау повесть оқиғаларының негізін сақтаумен бірге, кейіпкер сөздерінің тартымдылығынааса мән бергендей дегендегі дер едік. Қазақ балалар әдебиетінің алыптарының бірі, халық жазушысы Мұзафар Әлімбай талантты жазушының шығармашылығындағы батылдығы мен берік мақсаткерлігі туралы кезінде былай депті: «Саясаттан сая іздемей, ресми идеологияны құптамай өткен Бердібек шығармаларында өз тенденциясын берік ұстанып, сонысынан айнымай, ақиқатшылықты темірқазық тұтты». Шындықты беткеайту қашан даонай болмаған. Әсіресе, мындаған, миллиондаған адамдарға таралатын кітаптарда ұлт, ел өмірінің ақиқатын баяндау, астарлап жеткізу – нағыз қайсар, табанды, ұлтжанды таланттарға тән ерекшелік. Б.Соқпақбаев – кеңестік үкімет билігінеіштей бойұсынбаған санаулы батыл қаламгерлердің біріеді. «Бердібек ағай өзінің шығармалары арқылы өмірдің соншалықты ауыр екенін, өмірде әділеттің сақтала бермейтінін, содан адам жаны жараланатынын мейлінше шыншыл баяндап берген жазушы» дейді белгілі әдебиетші ғалым Қ.Ергөбек. «Ойға алып, санада сараптап, қағазға тұсіретін қаншама шығармалары жазылмай қалды. Өзінің басына тұскен көп жағдайда жазушы тағдыры – ауыр тағдыр. Ол өмір құбылыстарын, қаны сорғалаған қоғам қайғы-қасіреттерін шынайы көрсетуі керек. Ал оған сенің қарым-құлашың жеткенмен, анық таийқын бейнелеуге мүмкіндігің бар ма? Мәселен, мен мына романымда кейіпкерлерді қиялдан туғызғаным жоқ. Өмірдің өз өзегінен ойып алдым. Оным өзіме ұнағанымен, басқаларға, басшыларға ұнады ма? Қара бояуды қалың жаққансың, деп көп жерін, тұздығы татыды-ау деген нағыз дәмді жерлерін сызды да тастады. Қанша шырылдадым. Жүрегімді жүлғаннан кем әсер еткен жоқ. Басың байлаулы, аяқтарың тұсаулы болған соң, көретін күнің сол екен. Тарынбай қайтейін, торықтай қайтейін!» дейді «Ақжарқын даадал еді» атты естелігінде жазушының қаламdas, сыйлас, ақылшы ағасы Ә.Мейірбекұлы. Бұл шынайы сөз. Жазушының жан күйзелісін айтып отыр. Торығуын әрісол кездегі қаламгер қауымның ортаға тартпауы көрнектісуреткердің томағаттыйық тірлік кешуіне әкеп сокқанын еске салады. Болашақ ұрпакқа әлі де айтары да, жазары да жетерлік жазушы өмірден, қоғамнан түнілген күйіажал түнегінесінді де кетті. Алайда, артында оқырманы сүйіп оқыған ғаламат кітаптары қалды. Бектастай, Қожадай, Мұраттай қазақ көркем прозасындағы мәнгілік кейіпкерлері бар танымды, тағылымды туындыларымен ұрпактар жүрегінде жаттала береді. Сандаулы санлақ суреткерлердің санатындағы Соқпақбаев – қазақ барда құрметтен кенде болмайтын жасампаз тұлға [3].

Бұғінде кез келген қазақтың қара баласына Соқпақбаевтың кім екенін түсіндіріп жату артық болар, оның «Менің атым Қожасы» әрбір үйде Абаймен, Мұхтармен бірге ұлттық қазына ретінде сақталуда десек қателесспеспіз. Повестегі барлық оқиға Қожаның өз атынан сөйленеді, Қожа өзінің бастан кешіргендерін өз достарына баян етеді. Повесть бастан-аяқ юморлық стилде жазылған. Сондықтан ол әрі көңілді, әрі жеңіл оқылады. Бірін-бірі қайтalamайтын қысқа-қысқа жазылған әр тарау өз алдына бір оқиға болғандықтан, оқушысын жалықтырмай, алға қарай баурай береді. Повесте оқиға дамуының логикалық байланысы берік акталған. Қожа мен Сұлтан басындағы аңғалдық істер, олардың сезім, құбылыстары, үйрімді тілмен тартымды баяндалған. Жазушы әр кейіпкерін, соның ішінде Қожа психологиясын бала басында бола беретін, олардың жиі кездесетін табиғи мінездермен нанымды түрде көрсете алған.

Бердібек бала психологиясын өте шебер де нанымды суреттейді. Қожа мінезінде, оның істерінде, балалық қылышында ешқандай жасандылық жоқ. Повестегісүйсінерлік бір жай – аз да болса, мектеп пен ата-аналар байланысының суреттелуі. Осы бір көрініс ұжымдық күштің, ұжым ықпалының балаға етер әсері арқылы жақсы нәтиже беретінін байқатқан. Балалардың осындағы типтік образдарын жасап беруі арқылы Бердібек творчествосының жаңашылдығы, көркемдік шеберлігі, прогрессіл, идеялық-эстетикалық мәні, халықтығы мен ұлттық ерекшелігійқын ашылып, әсерлі көрінеді. Өйткені, Соқпақбаевтың есімі көзі тірісінде-ақ әрбір мектеп баласының жүргегінен мықтап орын алған болатын. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастап, «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының белсендіавторы болды. 1950 жылы «Бұлак» деп аталатын өлең жинағын шығарған. Кейіннен балалар мен жасөспірімдерге арналған прозалық шығармаларын жазды. Оның балаларға арнап жазған туындылары балалардың ғана емес, үлкендердің десүйіп оқитын шығармаларына айналды [4].

«Менің атым Қожа», «Балалық шаққасаяхат», «16 жасар чемпион» және тағы басқа шығармалары жазушының тұтас өмірін көрсетпегенмен бөлшек-бөлшек тұстарын қызықтыра өмірге әкелген болса, ал мына «Өлгендер қайтып келмейді» романы жазушы жаратылысын тұтас тұлғаетіп береді. Шығарманың ел ойынан шығатын шынайы жүзі тек қана шындық жазудан тұрсаол сол шығарманың шырайлылығын берсе керек. Осы тұрғыдан алғанда Бердібек ағамыз жоғарғы ойдың ортасынан ойып тұрып өз орнын алып жәнесол қасиетімен халық есінде, қала берді әр ұрпақ есінде мәңгі қалған адам.

Менің бір риза болатыным - өлең жіберген жердің қай-қайсысанан да жауап келеді. «Жалпы алғанда, ақындық қабілетің бар көрінеді. Бірақ әлі де болсаізденіп, көп оқыр, үйренуің керек» деген

тәрізді үміт ұшқынын тастай жазған жылы жауап алсам, төбем көккеекіелі жетпей қалады. Шекесіне редакция маркасы қондырылған мұндай хаттарды балалардың бәріне мақтанып көрсетем. Білсін менің кімдермен байланысым бар екенін. Бұл міне нағыз сюжет.

Сюжет пен фабуланы бөле қарап, параллель жасаушылар сюжетті - әрекет, фабуланы - оқиға деп ұғатыны мәлім. Жә, солай-ақ болсын. Бірақ әрекетсіз оқиға бола ма? Немесе өзара тұтасып, оқиғағаайналмаған қимылды жүйелі әрекет деуге бола ма? Болмайды Ендеше, оқиғаны әрекеттен бөлуге болмайтыны сияқты, фабуланы сюжеттен бөлмей, екеуін бір ұғымғасыйғыза тексерген Л. Тимофеев пен Л. Щепилованың толғамдарындатолып жатқан нанымды дәлелдер бар. Міне, бұл тұрғыдан келгенде, сюжет дегеніміз өнер туындысының мазмұнынаайналған өмірлік оқиғалардың өзара байланысы, өрбуі, өрістеуіекені даусыз. Бір-бірімен қарым-қатыстағы адам тұлғалары осынау өзекті оқиғалар арнасында, тұтасқан түрлі-түрлі қимыл-әрекет үстінде, шиеленіскең шытырман күрес, қақтығыс, қарама-карсылық ішінде қалып-тасады. Сюжетті шығармалардың, маз-мұнында көбіне күрделі қайшылықтар, өмірлік тартыстар желі тартып жату себебі десоған байланысты [5].

«Менің атым Қожа» повесті негізінен алғанда айшықты әңгімелермен қатар балалар әдебиетінін қорынаенген алтын шығарма болып табылады. Осы уақытқа дейін өзінің құндылығын жоғалтпай, балалардың жүргегіне жол тауып келе жатқан бұл шығарма әлі де болсасақталуы ақиқат.

Б. Соқпақбаев қазақ әдебиетінің шамшырағы болған тау тұлға. Оның есімінсіз қазақ балалар әдебиетінің бір бөлшегін елестету де қиын. Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанрын алсаңыз да өз дәстүрі қалыптасып саналық жағынан есу үстіндеекеніне көз жеткіземіз. Мұны ұлттық санасезім оянуының да көркемдік көрінісі деп қараған жөн. соның ішінде халық өмірін, уақыт тынысын, қоғам шындығын талап, жинақтап, қорытындылап, көрсетуде проза жанрының орны ерекше. Қоғам дамуынасай әдебиетте үнемі өрістеп отырады. Сондықтанда қазақ әдебиеті халқымыздың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде үнемі жүйелі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Бұгінгі әдеби процестегі көкейкесті мәселелердің бірі-адамның өзін-өзі танып білуі. Жекеадам концепциясы өзекті, басты ешқашан сарқылмайтын проблема. Адамның жан дүниесін танытудың бұрынғы таптаурын еріксіз ескіруде. Қазіргі жазушыларымыз адам жан дүниесін диалектикалық қайшылықтармен жеткізудің соны тәсілдерін табуға ұмтылуының сырты осында.

Адамдар сөйлесіп, сырласып бар шындықты ашып алудына болады. Бірақ, егер бар түйткілдіашып алу мүмкіндігі болса, онда адамдар арасында түсініспеушілік болмас еді. Әр адамның сыртқа шығарғысы келмейтін, ешкімге білдіруге батпайтын құпия сырлары

болатыны белгілі. Адамдардың сырласу арқылы ақиқатқа жетуінесол сырлар бөгөт болады. Сөйтіп, әр адам ақиқатты өзінен де, өзгеден де өз бетімен іздейді [5].

Жас жазушы шығармаларындағы басты ерекшелік – кейіпкердің жан – дүниесін психологиялық толғаныс үстіндеашуында жәнесол алған бетінен қайтпай келе жатуында. Адам жанынан түпсіз не бар? Әр адам жаны – ашылмаған бір – бір жұмбақ арал. Өзгені қойып, адам өмір бойы өзін - өзі зерттеп бітпейді. Адам жанына үнілген сайын небір қалтарыс – бұлтарыстарында, құлыштаулы жатқан құпияларына кездесесіз.

### **ӘДЕБІЕТ**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – А: Жазушы, 1991.
4. Соқпақбаев Б. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 2003.
5. Қабдолов З. Жанр сыры. - Алматы: Жалын, 1964. - 214 б.

### **РЕЗЮМЕ**

Каким бы ни был жанр современной казахской литературы, мы убеждены, что наши традиции сознательно растут и растут. Эти секреты являются барьером для правдивости достижения истины через искренность. Таким образом, каждый ищет истину от себя и более независимо.

### **SUMMARY**

Whatever genre of contemporary Kazakh literature is, we are convinced that our traditions are growing and growing consciously. These secrets are a barrier to the truthfulness of reaching truth through the sincerity. Thus, everyone is looking for the truth from himself, and more independently.

**LEXICO-SEMANTIC STRUCTURES OF SUBSTANTIVISED  
ELLIPTICAL SENTENCES EXPRESSED WITH PROVERBS AND  
SAYINGS IN KAZAKH AND THEIR EQUIVALENTS IN RUSSIAN-  
ENGLISH LANGUAGES**

*Atazhanova Zeinep Myrzakozhakyzy,  
candidate sciences of philology,  
Bolashak University;*

*Oralbaeva Gulzhaina Smetullakyzy,  
master, senior teacher,  
Bolashak University;*

*Myrzakozhaeva Zeinet Sultanbekkyzy,  
Master, senior teacher, School №11*

Substantivized elliptic sentences expressed by proverbs and sayings in Kazakh and in English languages still conceals its number of linguistic peculiarities which demand further specific and profound studying.

It is known that the ellipsis is understood as reduction, omission of any member from a sentence structure with a definite purpose. Therefore, in elliptic sentence, the thought is stated in the short, laconic form and any sentence parts taking into account an emotional condition of a speaker can be omitted [1].

Ellipsis (ellipse) loss, omission. The omission of an element of the statement, which is easily restored in a context or a situation [2].

Substantivization transition to the category of nouns from other part of speech in a consequence of the acquired ability directly to point to a subject not only through its sign [3].

The purpose of this work – to give the systematic and profound analysis of structural – grammatical features of substantivized – elliptic sentences, to define expressed types in modern Kazakh and their English languages.

As elliptic sentences, proverbs and sayings are used in this article.

It is known that proverbs and sayings – a peculiar genre of national poetry – it is a model form of social historical experience of the working people. In the squeezed and exact verbal form, they sum up to supervision by groups of the vital phenomena, distinguishing in them characteristic and special. This result always comprises any generalizing conclusion, which can be applied to characteristics of other similar facts and the phenomena [4].

Thus, near a direct, literal sense of national sayings where there is their figurative sense application also are deeply generalized.

In his work, investigating syntactic features of proverbs and sayings in Turkic languages A.Annanurov, correctly notes that proverbs later quite big period of time till today were so ground that a basis of substantivization of some words, owing to the redundancy are cleared [5].

Changing under internal laws of the language, these proverbs are much more reduced structure of words and functions now in examples.

«Қорықканға (адамға) кос көрінер»

«Не так страшен черт, как его малют».

«The devil is not so black, as he is painted».

In the Kazakh language it is a proverb that makes a full sense and doesn't suffer grammatically though the word «адамға» is omitted. These qualities are peculiar to only Turkic languages; and languages when translating all sentence parts are present at Russian and English.

In tyrkological linguistic literature there is a number of the researches devoted to proverbs and sayings. These works generally cover lexico-syntactic features of proverbs and sayings.

R. Sarsenbayev in his work «Lexico – syntactic features of the Kazakh proverbs and sayings» main features are shined in the Kazakh language. Changing its vocabulary structure in the Lexico – syntactic relation a role it increase of art value of political and publicistic works. At the same time, the author showed a difference between intricate words, proverbs. The author notes that at research of syntactic structures of proverbs and sayings, he didn't meet interrogative and exclamatory sentences with what it is impossible to agree:

(Сенің) «Өз үйінде асың барда, кісі үйінде қасың бар ма?»

«На чужой каравай (ты) рот не розевай» [6].

H.Abdurakhmanov unlike other research works devoted to proverbs and sayings in Turkic language, showed syntactic features of the Kazakh national proverbs and determined the general grammatical consistent patterns: questions of inversion, elliptic sentences specified that conjunctionless compound of other types:

(Сен) «Жатқан жыланның құйрығын баспа»

(Ты) «Не буди лиху, пока оно тихо»

(You) «Let sleeping dogs lie» [7].

Here «subjects» are omitted. Studying of lexico-syntactic features of the Kazakh, English proverbs and sayings is of great importance when studying steps of history of thinking of the people and the sociological questions connected from them, forming culture of the people, and for clarification of organic communication between art and esthetic thinking. On the basis of this, it is possible to receive the correct idea of semantic development of language, of its lexical and phraseological system [8].

(Сен) «Тек жүрсөн, ток жүрсөн»

«Любопытство (человека) до добра не доведет».

«Curiosity killed the cat»

Here are differences when translating. In the Kazakh language is omitted. «You», and in Russian «person» is omitted.

(Сен) «Ержігітті сөзіне қарап емес ісіне қарап бағала».

«О человеке судят не по словам, а по (его) делам»

«Handsome is that handsome does».

It is clear that the proverbs given below and sayings in an initial form weren't such, as now in modern Turkic languages. Though these sentences seem to us full and logical, and grammatical, they certainly, represent elliptic sentences formed by a substantivization.

In these sentences substantivization words carry out additional of the words, and sentences don't suffer neither logically, nor grammatically [9].

Loss of the subject expressed by substantivized adjectives:

A) In the Nominative case:

«Сойылды соңғы соққан (адам) женеді».

«Хорошо смеется тот (человек), кто смеется последним».

«He laughs best who laughs last».

«Іздеген (адам) мұратына жетеді».

«Где хотенье (человека) там и умение».

«Where there is a will there is a way».

B) In a genitive case:

«Өлгеннің (адамның) соңынан өлмегі жоқ».

«Слезамгорюнепоможешь».

«It is now use crying over spilt milk».

«Кто слишком высоко летает, тот (человек) низко падает»

«Pride goes before a fall».

«Сколько голов, столько умов».

«Many men, many minds».

C) In a dative case:

«Сүтпен (адамға) сінген мінез сүйекпен кетеді».

«Горбатого (человека) могила исправит».

«The leopard can not change his spots».

D) Loss of the subject expressed by a pronoun of the second person in singular:

«Бүгінгі істі (сен) ертеңге қалдырма».

«Не откладывай на завтра того, что (ты) можешь сделать сегодня».

«Never put off till tomorrow, what you can do today».

«Байыбына бармай (сен) бал ашпа».

«Наперед (ты) незаглядывай».

«Do not cross a bridge, before (you) come to it».

E) Loss of the subject expressed by a pronoun in the third person singular, in a parental case:

The predicate falls in both parts of compound sentences. In this case, the operated word is in an initial case. Its syntactic function carries out by an adverbial modifier of time, a place.

«Ақыл – ауыздан, мерей көзден (білінеді)».

«Обед по кушанью, а ум по слушанью (узнают)».

«The proof of the pudding is in the eating».

Thus, art feature of all proverbs considered by sayings and us is though the studied languages belong to different languages families. Studying of lexico-syntactic features of proverbs and sayings is of great importance when studying steps of history of thinking of the people and the related sociological questions of formation of culture of the people, and for clarification of organic communication between art and esthetic thinking. On the bases of it is possible to receive the correct idea of semantic development of languages, of its lexical and phraseological system [10].

Scientific novelty of the article consists in the following:

- In the first attempt in comparative the plan is to investigate substantivized elliptic expressed by proverbs and sayings in Kazakh and in English languages becomes.

- Relevance of substantivized elliptic sentences expressed by proverbs and sayings in Kazakh and in English languages are defined by obscurity, sometimes argumentativeness of the put problem.

## LITERATURE

1. Akhmanova O.S. Англо-русский словарь. - М., 1985. - p. 60.
2. Bukovskaya V.A. Dictionary of English proverbs in modern use. – М, 1990.
3. Akhmanova O.S. Словарь лингвистических терминов. - М., 1987. – С. 180.
4. Gvardjaladze I.S. Английские пословицы и поговорки. - М., 1972.
5. Zhukov V.P. Словарь русских пословиц и поговорок. - М, 1989.
6. Dal V. Пословицы русского народа. 1 volume. - М., 1989.
7. Sarsenbaev R. Лексико-синтаксические особенности казахских пословиц и поговорок. – 1961.
8. FelicinaV.P., Prokhorov U.E. Русские пословицы, поговорки и крылатые выражения. - М, 1989.
9. Usipov G. Лексико-синтаксические особенности пословиц и поговорок. - Baku, 1976.
10. Atazhanova Z.M. Эллиптические предложение выраженные пословицами и поговорками в английском языке и их эквиваленты в русском и казахском языках. - Алматы, Мектеп, 1988.

## **ТҮЙІНДЕМЕ**

Бұл мақалада қазақ тіліндегі мақал-мәтедермен келген эллипсистенген сөйлемдердің ағылшын тіліндегі баламалары қарастырылған.

## **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются эллиптические предложения выраженные пословицами, поговорками и их эквиваленты в казахском и английском языках.

# **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

## СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ҚАУЫННЫҢ СЕЛЕКЦИЯСЫ

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті;  
Бегалиев Қанағат Біләлұлы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
«Ы. Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ФЗИ»;  
Оралбай Айдана,  
студент, «Болашақ» университеті*

Қауынның жоғары және тұрақты өнімдерін анықтаушы фактор – бірмезгілде әлеуеті аймақтың негізгі стрестік факторына жоғары төзімдікпен үйлескен жоғарысапалы сорттар мен будандар жасау мен оларды өндіріске енгізу [1].

Қауынның егістік зерттеулері ауасының жылдық температуrasesы -34°C-тан 41°C-қа дейін, өте ыстық және ұзак жазды құрт континенталды климатты Қызылорда облысының табиғи-климаттық аймағындағы Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ФЗИ-дың эксперименттік стационарында жүргізілді [2]. Ең жылы айда (шілде) ауаның орташа температуrasesы 26-29°C аралығында ұсталып, ең жоғары температура 45-47°C және одан да жоғары көтеріледі. Вегетациялық кезең ұзактығы (ауаның 5°C-тан жоғары тәуліктік орташа температурасында) 208-217 күнді құрайды. 10°C-тан жоғары он температура жиынтығы 3700-4150°C жетеді, жылдық жауын мөлшері 230мм. Облыстың осындағы климаттық және басқа да ерекшеліктерін ескере, қауын өсіруде тұқым шаруашылығы мен қайта өндеу және жоғары сапалы балғын өніммен тұрғындарды жыл бойына қамтамасыз ету, пісу топтары бойынша ассортиментті өсірумен әлемдік нарыққа шығуды ұйымдастыру мәселелерін шешуде жанжакты селекциялық жұмыс жүргізу өзекті.

Селекциялық зерттеу жұмыстары материалына Қазақ ККФЗИ, Израиль, Түркменстан, жергілікті ассортимент және т.с.с. – барлығы 51 сортұлғі мен будандар жатады. Олар вегетациясының ұзактығы бойынша 3 топқа белініп, ертепісетіндерге 12, орташа пісетіндерге – 24, кеш пісетіндерге 18 сортұлғілер жатқызылды [3].

*Коллекциялық питомник.* Вегетациялық кезең ұзактығы бойынша ерте пісетін топ сортұлғілерінің көрсеткіштері 56-80 күндер аралығында болса, орташа және кеш пісетін топтардықі, сәйкес 81-90 мен 91 және одан да ұзак. Ерте пісетін топ стандарты Сырдария сортының вегетациялық кезеңі 75 күнге ғана созылса, орташа және кеш пісетін топтардікі – Ақ Амре мен Кара куляби сорттарының көрсеткіштері, сәйкес 82 и 110 күндерді құрады. Пісу топтары

бойынша коллекциялық сортұлғілер өкілдерінің орналасуы 1-кестеде келтірілген [3].

### *1 кесте. Қауын үлгілерінің вегетациялық кезең бойынша топталуы*

Топтар	Вегетация ұзынтығының шегі, күндер ( lim ÷ )	Сортұлғілер
ерте пісетіндер	56-80	Басыбалды, Жамбылша, Таисия, Чемпионка, Жансая, К-11, К-58, К-60, К-66, К-101, Титовка, Израиль
орташа пісетіндер	81-90	Колхозница, Торлама, Медовая, Майская, Шугыла, Музя, Прима, Алтыночка, К-43, К-63, К-64, К-68, К-69, К-97, Т-70, Т-80, Эфиопка, Ич кызыл, Казачка, Can 4
кеш пісетіндер	91 және одан да ұзак	Ната, Дамели, Балшекер, Ливера, Калайсан, Т-74, Т-75, Асанбай, Кокча 588, Ала Хама

Қауын жемісінің түрлі пісу тобындағы формалары әр түрлі – домалақ, сопақ, жанышылған және т.с.с. Олардың жемістерінің түстери де сан алуан: сары, сары-жасыл, жасыл, қою-жасыл. Әр түрлі пісу топтары сортұлғілерінің бірқатар шаруашылық-құнды белгілері көрсеткіштерінің шегі 2-кестеде келтірілген [3].

### *2 кесте. Коллекциялық питомниктегі түрлі пісу топтарына жататын қауын үлгілерінің шаруашылық-құнды белгілері*

Топтар	Жеміс				Өнімділік, т/га
	саны	массасы, кг	етінің қалындығы, см	ЕКЗ мөлшері, %	
ерте пісетіндер	2-4 14,6-34,5	1,4-5		2,6-7	9-16,5
орташа пісетіндер	2-3 16,8-71,5	1,5-7,8		2-6,5	0,2-14,8
кеш пісетіндер	2-4 25,2-75,2	3,5-5,9		4,3-6,9	10,2-15,2

Бұл питомнике жемістердің массасы бойынша қауынның ерте пісетін тобында ерекшеленген К-60 пен Басыбалды сортұлгілерінің көрсеткіштері Сырдария стандартының інен 1,4 кг-ға асып түсті. Бұл белгі бойынша орташа пісетін топтағы барлық сортұлгілердің көрсеткіштері стандарт Ақ амреден (2,5 кг) жоғары болып, олардың арасынан Торлама сортұлгісі (7,3 кг) мен К-97 коллекциялық номері (7,4 кг) аса ерекшеленді. Жемістер массасы бойынша кеш пісетіндерден ерекшеленгендер болған жоқ, тек Ал Хама, Қалайсан және Ливера сияқты сортұлгілердің ғана көрсеткіштері Қара күләбі стандарты (5,8 кг) деңгейінде болды [3].

Питомниктегі қауынның жемістері етінің қалындығы сияқты белгісі бойынша барлық ерте пісетін топ сортұлгілерінің көрсеткіштері Сырдария стандартынан (2,6 см) жоғары болып, К-101, К-66, К-58, Жансая, Израиль, Титовка және Басыбалды сияқты сортұлгілер көрсеткіштері стандарттың інен 2 есе асып және одан да жоғары болды. Бұл белгі бойынша орташа пісетін топ бойынша Торлама, Алтыночка и К-97 сортұлгілері (6 см) стандарт Ақ амреден (5 см) асып түсті. Жеміс етінің қалындығы бойынша кеш пісетін топ сортұлгілерінің барлығының, Асан бей мен Натадан басқа, көрсеткіштері Қара күләбі стандартының (5,6 см) деңгейінде, тіпті одан да жоғары болды. Мұнда жергілікті селекцияның Дамелі және Балшекер сияқты сортұлгілері 6,8-6,9 см көрсеткіштерімен ерекшеленді [3].

Жемістердегі еритін құрғақ заттың (ЕКЗ) қауынның түрлі пісу топтары сорт үлгілеріндегі мөлшерінің шегі өте кең ауқымда (0,2%-дан 16,5% аралығы). Ерте пісу тобы сортұлгілерінің барлығының, К-58 сортұлгісінен басқа, осы белгі бойынша көрсеткіштері Сырдария стандарты (10%) деңгейінде және одан жоғары болды. Әсіресе Чемпионка, Таисия, К-60, К-11 және Титовка сияқты сортұлгілер 14-15% төнірегіндегі өте жоғары еритін құрғақ заттар көрсеткіштерімен ерекшеленді. Қауынның бұл белгісі бойынша орташа пісетін топтың көпшилігінің, әсіресе Майская, Прима және Алтыночка сорт үлгілерінің көрсеткіштері Ақ амре стандартынан (10,7%) 3,1-4,1% жоғары. Кеш пісетін топ сортұлгілерінен еритін құрғақ заттардың мөлшері бойынша Қара күләбі стандартын (13,6%) Қалайсан мен Балшекер сортұлгілері басып озды [3].

Қауынның жақсы жатып сақталатын және жақсы тасымалданатын – селекциялық-құнды белгілері бойынша ерте пісетін топ үлгілері арасынан ҚазККФЗИ-дың Чемпионка мен Жансая, орташа пісетіндерден – Колхозница, Прима және К-97, ал кеш пісетіндерден жергілікті селекция – Қазақ күріш шаруашылығы ФЗИ мен бөгде аймақ селекциясының Дәмели, Балшекер, Қалайсан, Ливера, Ала Хама және Ната сортұлгілері ерекшеленді.

Қауынның ерте пісетін тобындағы сортұлгілер өнімділігі кең ауқымда – гектарына 14,6 ц-ден 34,5 ц дейінгі аралықта болса, стандарт Сырдария стандартында 17 ц. Бұл белгі бойынша питомниктегі Жансаядан басқа, барлық сортұлгілер ерекшеленсе, 28-34,5 ц/га

аралығында өнім берген К-11, К-58, К-101, Таисия және Израиль сортүлгілерін ерекше атауға болады. Орташа пісетін топ сортүлгілерінің гектардағы өнімділіктері 26,8-ден 63,2 ц/га аралықтарында болса, стандартты сорт Ақ амренің көрсеткіші 34,4 ц құрады. Ерекшеленгендері – 71,5 и 63,2 ц/га көрсеткіштерімен, сәйкес К-97 және Торлама сортүлгілері. Кеш пісетіндердің өнімділік көрсеткіштері кең ауқымда – 24,2-ден 75,2 ц дейінгі аралықты құрапп, өнімі Қара күләбінің деңгейінде болған Ливера сортүлгісінен басқаларының көрсеткіштері төмен болды [3].

*Селекциялық питомник.* Мұнда зерттелген селекциялық үлгілер мен будандардың морфологиялық және биологиялық, сондай-ақ шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттері 3-кестеде көлтірілген.

Питомниктегі қауын үлгілері вегетациялық кезең ұзактығы бойынша 3 топқа бөлініп, 56-80 күн аралығы – ерте пісетіндерге Отб.К-164, Отб.Изр,

### *З кесте. Селекциялық питомниктегі қауын үлгілерінің бірқатар белгілері мен қасиеттері*

Үлгілер	Жеміс					Өнім- ділік, т/га
	сан ы	масса , кг	етінің қалын- дығы, см	тұқымда рұясы, см	ЕКЗ, %	
Чемпионка x Т-66	3	2,8	3,5	10,2	5,5	27,0
Ната x Торлама	3	4,5	6,6	11,3	9,9	55,1
К-43 x Ала Хама	3	5,6	4,6	5,9	8,2	67,3
Гурбек x Сырдарья	3	4,6	3,5	8,3	9,6	47,2
Отб.Изр	3	3,0	4,8	7,3	14,1	26,3
Отб. К-35	3	3,6	4,5	8,8	10,1	26,9
Отб. К-40	2	4,8	4,6	8,8	9,6	37,0
Отб. К-164	4	5,6	4,4	12,8	7,8	47,9
Отб. К-176	4	4,8	4,5	7,5	11,9	39,0

және Отб.К-35 сияқты селекциялық үлгілер енсе, 81-90 күн аралығы – орташа пісетіндерге Ната x Торлама, К-43 x Ала Хама, Гурбек x Сырдарья, Отб.К-40 және Отб.К-176 будандары мен үлгілері, ал 91 және одан да ұзак күнде, яғни кешпісетін топқа Чемпионка x Т-66 буданы жатқызылды. Өнім элементтерінің құрылымы және өнімділік бойынша селекциялық питомникте К-43 x Ала Хама, Ната x Торлама, Гурбек x Сырдарья будандары мен Отб.К-164 үлгісі ерекшеленді. Негізінен орташа пісетін будандар өнімділігі жоғары. Жалпы питомниктегі зерттелген селекциялық материалдың көбінің жемістерінің формасы шартарізді және де сопақ, түстері: Гурбек x Сырдарья – жасыл, Отб. К-

40 сары-жасыл, қалғандары сары. Жемістердің қабығы жылтыр немесе торлы суретсіз болып қеледі [3].

*Бақылау питомнігі.* Питомниктегі бақылау сынағынан өтуші 4 үлгінің екеуі – Отб. Изр-4 және Отб.К-К-171 81-90 күнде пісіп вегетациялық кезең ұзактығы бойынша орташа пісетең топқа жатқызылса, қалғаны – Отб.Revigel және Отб.К-180 кеш пісетең болып шықты. Бір түптегі жемістер саны 2-3, массасы 2,6-5,9кг аралығында. Жемістер етінің қалындығы 3,5-4,5см, еритін құрғақ заттың (ЕҚ3) мөлшері 7,9-10,8%. Питомниктегі сортұлгілер өнімінің шамасы 26,9-дан 47,0 т/га аралығында болып, өнімділік бойынша Отб. Revigel (47,0т/га) сортұлгісі ерекшеленді. Жемістер формасы әртүрлі: шартарлардан сопақ және жұмыртқатәріздіге дейін [3].

*Конкурстық питомник.* Питомниктегі конкурстық сынақтағы ГУС-15 және НАТ-15 сортұлгілердің вегетациялық кезеңдерінің ұзактығы, сәйкес 90 және 95 күндер шамасында болып, орташа және кеш пісетең топтарға жатқызылды [3].

## ӘДЕБІЕТ

Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. - Астана: Фолиант, 2015.

1. Гуцалюк Т.Г. Методика селекции арбуза и дыни. - Алматы: Кайнар, 1989.

2. Интенсификация развития картофелеводства и бахчеводства на основе генетико-селекционного улучшения и биотехнологии, обеспечения первичного и элитного семеноводства для размножения конкуренто-способных отечественных сортов с высокой стрессоустойчивостью и продуктивностью. Отчет о НИИР за 2016-2017 годы. - Кызылорда, 2018.

## РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты селекции дыни ТОО «Казахского НИИ рисоводства», согласно которым в коллекционном питомнике сортообразцы дыни по продолжительности периода вегетации распределились на 3 группы: раннеспелые с периодом вегетации 56-80 дней, среднеспелые – 81-90, и позднеспелые, с продолжительностью вегетационного периода 91 и более дней. Также отмечены сортообразцы выделившиеся по морфологическим признакам и биологическим свойствам, по элементам структуры урожая и урожайности коллекционного, селекционного, контрольного и конкурсного питомников.

## SUMMARY

The article presents the results of the selection of melon LLP "Kazakh research Institute of rice", according to which in the collection

nursery melon varieties by the duration of the growing season were divided into 3 groups: early maturing with the growing season 56-80 days, medium – 81-90, and late-maturing, with the duration of the growing season 91 or more days. Also noted cultivars released by morphological characteristics and biological properties, yield structure elements and yield collection, selection, control and competitive kennels.

## ӨСІМДІКТЕР СЕЛЕКЦИЯСЫНДА ПОЛИПЛОИДИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ


*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті;  
Мұслимова Динара,  
студент, «Болашақ» университеті*

Хромосом мөлшерінің (саны) өзгергіштігі жабық түкімдилардың, олардың қатарында мәдени өсімдіктердің де эволюциясында өте маңызды рөл ойнады. Хромосом жиынтығының еселенуі жасуша көлемінің ұлғаюына, өсімдіктер мүшелерінің өсуіне алып келетіні белгілі болғаннан кейін, хромосомдар санын индукциялаумен өзгерту әдістері практикада қолданыла бастады. Эксперименттік полиплоидия, анеуплоидия және гаплоидия гендік негіздегі өсімдік селекциясының әрі қарай дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты [1-2].

Бұрынғы КСРО FA-ның Басты ботаникалық бағы қызметкерлерінің 70-жылдардың ортасында қарабидайдың Вятка Московская полиплоидная сортын шетелдік Тетра-Петкус (Германия) сортымен будандастырумен алып, Ресей Федерациясының құрғатылған шымтезекті-батпақты топырақ жағдайындағы Рязань облысына енгізген Старт сорты – полиплоидияның жемісі [3]. 1981 жылы ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізілген, қазіргі кезде де Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарына пайдалануға рұқсат етілген отандық ғылыми-зерттеу мекеме – сол кездегі Р.В.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ФЗИ селекционерлері күздік бидайдың  $F_4$ -ші будандық популяциясынан жекелей сұрыптау әдісімен алған күздік жұмсақ бидайдың Богарная 56 сортының шығу тегінде полиплоидты форма болған [4].

Қазіргі танда полиплоидия процесімен – селекциялық-құнды сорттарды полиплоидизациялаумен жасалынған формаларды будандастыруға бастапқы материал ретінде пайдаланумен алынған популяцияны әрі қарай сұрыптау арқылы шығарылған сорттар агрономикалық өндірісіне енгізіле бастады. Оған мысал, РГА СБ цитология және генетика институты (Ресей) мен Шығыс Қазақстан АШ ФЗИ ғалымдарының бірлесіп шығарған, 1991 жылы Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктер Мемтізбесіне енгізіліп, қазіргі кездері де еліміздің астықты өнірлерінің бірі – Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының өндірісіне пайдалануға рұқсат етілген күздік қарабидайдың орташа кеш пісетін Защита сорты. Сортың алынуы сыйбада келтірілген.

Германияның «Заатан Юнион» компаниясы шығарған, біздің еліміздің селекциялық жетістіктерінің Мемтізбесіне 2011 жылы енгізіліп, қазіргі кезде де Алматы облысында пайдалануға рұқсат етілген жаздық арпаның сыра



#### *Сызба. Күздік бидайдың Защиңа сорттының алынуы*

қайнату өнеркәсібі шикізатына арналған орташа пісетін Ксанаду сорты Вискова мен Скарлет сорттарының бірінші ұрпағының дигаплоиды [4].

Жабайы және мәдени флораның хромосомдық құрамын зерттеу, бірқатар маңызды ауыл шаруашылығы өсімдіктері өзінше полиплоидты қатар екенін көрсетті. Олар дәнді, жеміс-жидектік, цитрустық, техникалық, дәрілік, сәндік және басқа да дақылдар арасында кездеседі.

Қандай да бір ауыл шаруашылығы дақылы өндірісте әр түрлі плюидты түрлерде болса, әдетте өнімділеуі оның көп хромосомды формалары. Мысалы, гексаплоидты жұмсақ бидай – ете өнімді және көп таралған. Оның үлесі осы дақылдың барлық егісінің 4/5-нен аса. Тетраплоидты бидайдың өнімділігі жұмсақ бидайдан біршама төмен. Тетраплоидтардың ішінде ең құндысы қатты бидай, осы дақылдың дүниежүзілік егістерінің 10-11%-ын алады. Мәдени бірдәндік бидайдың диплоидты түрі азғана жерге егіледі. Осыдан-ақ неліктен селекционерлер жаңа сорттар шығаруда полиплоидтарға көп мұдделілік танытатынын жақсы түсінуге болады.

Полиплоидтар алуудың алуан түрлі тәсілдері болады. Олар кейбір химиялық қосылыстардың митозда бөлініп жатқан жасушаларға туыс хромосомдардың қарама-қарсы полюстарға таралуы мен еншілес жасушалар түзуіне кедергі келтіретін есірткілік

әсеріне негізделеді. Нәтижесінде жасушалық қоршау түзілмейді, жасушаның өзі бөлінбейді және қалыпты жасушаға қарағанда екі есе көп хромосом бастапқы бір жасушада қалады. Есірткілік әсер өткеннен кейін жасуша қайтадан қолайлыш болып, екі тетраплоидты жасушаға бастама болады. Осылай әрі қарай тетраплоидтылық сақталады да, ақырында хромосомы еселенген ұлпалар, өркендер және басқа да мүшелер түзіледі. Ұрықтанған гүлдерде тұқым түзіліп, олардан полиплоидтарға тән барлық ерекшелектер болатын жаңа тетраплоидты өсімдіктер өсіп шығады.

Бұл қатынаста химиялық қосылысты зат – колхицин өте тиімді болса, *аценафтан*, *хлорлы сангинарин*, *гаммексан*, линдан сияқты химиялық заттармен әсер етуден де полиплоид алуға болады. Қазіргі кезде полиплоидты кез келген өсімдіктен алуға болады, бір түр мен тұқымдаста оны жасау онай болса, енді бірінде қызынарақ. Әдетте колхицин ланолиндік пастаның су ерітіндісі және агар немесе глицериннің су ерітіндісі түрінде қолданады. Су ерітінділерін пайдалану үшін 1-2%-дық бастапқы ерітінді дайындауды, сонан соң оған қажетті концентрацияға дейін су қосады. Колхицин химиялық қатынаста өте берік болғандықтан, оның ерітіндісін автоклавта стерильдеп ұзақ уақыт пайдаланады. Бастапқы ерітіндіні қараңғыда сақтау керек, себебі ол жарықта ыдырап өзінің қасиетін жоғалтып алуы мүмкін. Колхицин өте улы болғандықтан, онымен жұмыста міндетті түрде сақтық шараларын орындау қажет.

Жұмыстың нәтижелі болуы бірқатар жағдайлардың міндетті түрде сақталуына байланысты:

1) колхициномен хромосом мөлшерін (саны) еселеу үшін жасушалары көп шамада бөлінетін меристемалық ұлпаларға әсер ету керек. Демек, өндеуге бәрінен бұрын өнген тұқымдарды, жас өркендерді, өсімдіктің өсу нұктесін, оянып жатқан бүршіктерді, түйнектерді және т.с.с. пайдалану қажет.

2) колхицинге әр түрлі өсімдіктердің сезімталдығы алуан түрлі болатынын ескеру керек. Сезімталдылық, сондай-ақ меристеманың түрлі аймақтарында және бір дақылдың өзінің түрлі өсіп-жетілу кезеңдерінде әр түрлі. Сондықтан қандай да нысан болмасын, оған өте онтайлы дозаны және экспозицияны (әсер ету ұзақтығын) эксперимент арқылы анықтайды. Көбіне колхициннің тұқымды 0,1-0,2%-дық, өсу нұктесін өндеуге 0,5-2%-дық ерітінділерін пайдаланады. Экспозицияның ұзақтығы – бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болуы мүмкін. Ол ерітінді концентрациясына, өндеу әдістеріне және нысанның сезімталдылығына байланысты.

3) зерттейтін өсімдіктің өсуіне онтайлы жағдайларды өндеу кезінде ғана емес, онан кейінгі кезеңдерде де жасау қажет.

«Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ФЗИ» ЖШС ғалымдары О.С.Водянова мен А.С.Лахиннің эксперименттік

полиплоидия әдісімен шығарып, 1982 жылы өндіріске енгізген және қазіргі кезде де Ақмола, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына пайдалануға рұқсат етілген шалот-жуаның (*Allium ascalonicum* L.) Кайнарский сорты 0,02%-дық колхицин ерітіндісі әсерінен жасалған популяциядан көпмәрте клонды сұрыптаулар нәтижесінде алынған болатын.

1951 жылы жапондық генетик Кихара жасаған триплоидты тұқымсыз қарбыздар ( $2n=33$ ) алу әдісі де будандық триплоидты қызылша алудағыдай принципке негізделген. Оларды қарбыздың диплоид ( $2n=22$ ) және тетраплоид ( $2n=44$ ) формаларын шағылыстырумен алады. Бұндай буданның мейозы толық бұзылған және триплоидты өсімдіктер тұқым түзбейтіндіктен, жемістері тағамға пайдалануға өте ыңғайлы [3-4].

Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеу нәтижелері қант қызылшасының жоғары өнімді сорттары мен будандарын тетраплоидты деңгейде де жасауға болатындығын көрсетті. Тетраплоидтардан триплоидтармен бірдей өте мәнді гетерозистік әсерлер алынғаны өте маңызды, себебі ол тетраплоидты будандардың ұзартылған гетерозисін пайдалануға жол ашады. Осындай әсер малазықтық қызылша мен малазықтық-қанттық будандарда да байқалады.

Сондай-ақ, экспериментпен алынған жонышқа, эспарцет, ақабақ және т.б. дақылдарда да аутотетраплоидтардың он қасиеттері болады.

Аутотетраплоидты қарабидайды КСРО, Германия, Швеция және т.б. елдерде бірнеше қайтara алды. 1951 жылы Швецияда қарабидайдың бірінші тетраплоидты Стил сорты шығарылды. Ал КСРО бойынша Белоруссия ЕФЗИ селекциясы – қарабидайдың Белта сорты 1969 жылдан ауыл шаруашылығы егістік жерінің көлемі бойынша әлемде бірінші орын алды [3-4].

Өсімдіктер селекциясындағы полиплоидияның жемісі жаңа дақыл – тритикале бидайға қарағанда жоғары сапалы тұқым береді. Протеиннің тағамдық құндылығы, ондағы алмастырылмайтын амин қышқылдарына байланысты. Тритикаленің дәнінде, басқа дәнді дақылдар ақуызында көбіне жетіспейтін маңызды ауыспайтын амин қышқылы – лизин болады. Тритикале осы көрсеткіш бойынша дәнінде лизиннің орташа мөлшері 3%-ға жуық бидайды біршама асып түседі. Тритикале лизин орташа – 3,73%. Тұрлі сынаулар тритикале ақуызы тағамдық қасиеттері бойынша бидай ақуызынан асатындығын көрсетті.

Осы жана дақыл – тритикаленің бірінші малазықтық Амфидиплоид 1 сорты бұрынғы КСРО-да 1976 жылы шығарылып, өндіріске енгізілді. Келесі жылдары өндіріске тритикаленің дәндік және малазықтық мақсаттағы жаңа құнды сорттары берілді. Дәндік

Узор, Баходур сорттары суармалы жерлерде өсіруге арналды. Сондай-ақ тритикаленің малазықта арналған Житница 1, Одесская кормовая, Прага 1, Ставропольская 1 және Ставропольская 2 сорттары өндірісте пайдаланылды.

Қазақстанда Украинадағы селекция-генетика ҒЗИ-ның малазықтық Простор сорты (АД 767-16 (ВИР) х қарабидай Тацинская) 1987 жылдан сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізілген болса, отандық селекцияның – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС шығарып, 2014-2015 жылдары Мемтізбеке енгізген Азиада және Қожа сорттары қазіргі кезде де Алматы және Жамбыл облыстарының ауыл шаруашылығы өндірісіне пайдалануға рұқсат етілген болса, Красноводопад селекциялық тәжірибе стансасы мен «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-да жасалып, 2010 және 2012 жылдары Мемтізбеке енгізілген дәндік тритикаленің Орда және Таза сорттары қазіргі кездері де Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының агроенеркесіп өндірістерінде пайдаланылып жатыр [5].

Қазіргі кезде тритикалені барлық жерлерде, тіпті Орта Азияның тұзды топырақты жерлерінде де сынауда. Оның өнімділігі суармалы жағдайларда жеткілікті тұрақты.

## ӘДЕБИЕТ

1. Бороевич С. Принципы и методы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 344 с.
2. Майлс О. Теоретические основы селекции растений. – М.: Колос, 1984. – 295 с.
3. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. – М.: Агропромиздат, 1987. – 447 с.
4. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. – Астана: Фолиант, 2015. – 416 с.
5. Сборник сортов и гибридов сельскохозяйственных культур, используемых в Республике Казахстан. – Астана, 2017. – 125 с.

## РЕЗЮМЕ

Изучение хромосомного состава дикой и культурной флоры показало, что ряд важнейших сельскохозяйственных растений представляет собой полиплоидные формы. Они встречаются среди зерновых, плодовых, ягодных, цитрусовых, технических, лекарственных, декоративных и других культур.

Когда та, или иная сельскохозяйственная культура представлена в производстве видами разной пloidности, то обычно более продуктивны формы с большим числом хромосом. В связи с этим легко понять, почему селекционеры проявляют большой интерес к использованию полиплоидов при выведении новых сортов. В статье

приведены некоторые химические соединения, в частности колхицин, вызывающий полиплоидию, а также сорта некоторых полевых культур (пшеница, тритикале, рожь ) полученные селекционерами с использованием колхицина.

## SUMMARY

The study of the chromosomal composition of wild and cultural flora showed that a number of important agricultural plants are polyploid forms. They are found among grains, fruits, berries, citrus, technical, medicinal, ornamental and other crops.

When one or another crop is represented in the production of different types of ploidy, it is usually more productive forms with a large number of chromosomes. In this regard, it is easy to understand why breeders show great interest in the use of polyploids in the development of new varieties. The article presents some chemical compounds, in particular colchicine, causing polyploidy, as well as varieties of some field crops (wheat, triticale, rye ) obtained by breeders using colchicine.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

**БЕТОННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ЖЫЛУТЕХНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЖАҚСАРТУ ҮШИН  
МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫН КҮКІРТ ОРЫНЫНА ҚОЛДАНУ**

*Абиеева Гульдана Султановна,  
техника гылымдарының кандидаты,  
Корқыт Ата атындағы ҚМУ;  
Жакыпова Гулнур Мухамеджановна,  
техника гылымдарының магистрі,  
Корқыт Ата атындағы ҚМУ;  
Әбжаппар Дінмұхаммед Қайратұлы,  
магистрант,  
Корқыт Ата атындағы ҚМУ*

Коршау конструкцияларына арналған мұнай өндегеу нәтижесіндегі қалдықтарын жергілікті шикізат материалы болғандықтан, үйлер мен ғимараттардың қоршау конструкцияларына тиімді пайдалану негізгі бағыттарының бірі.

Коршау конструкцияларының жылуды үнемдеуі бойынша қазіргі заманғы талаптар ғимараттың тиімді жылу қорғаныш проблемасын шешуге мүмкіндік беретін жоғары технологиялық материалдар мен жүйелерді пайдалануды көрсетеді. Қазіргі уақытта үйлер мен ғимараттардың қоршау конструкцияларына арналған материалдарына ерекше назар аударылуда.

Мұнай кен орындары қалдықтарының нәтижесіндегі материалдарды тиімді пайдалану және осы қалдықтан жасалатын қоршау конструкцияларының жылу оқшаулағыш қасиеттерінің жоғары дәрежеде болуын анықтау да алға қойылған мақсат.

Коршау конструкцияларын жасауда, әсіресе олардың жылу физикалық сипаттамаларына (ЖФС), сенімділігі мен ұзак мерзімділікте болу үшін жылу оқшаулағыш материалдарға үлкен талаптар қойылуда.

Үйлер мен ғимараттардың бөлме қабырғалары ауданының 40%-на жететін терезелер арқылы қоршау конструкциялары арқылы жалпы жылу шығындарының 30-70%-ы болады. Осыған байланысты отандық тиімді жылытықштар өндіру проблемасы елеулі өзектілікке ие. Ең алдымен бұл талшықты жылытықштар, газ толтырылған пластмассалар, кеуекті бетоннан, көбікті бетоннан, каркас-панелді немесе ірі блогты материал, яғни мұнай кен орындары қалдықтарының нәтижесіндегі материалдардан жасалған конструкциялар. Бұл ретте жылу шығандары қазіргі заманғы энергия үнемдеу технологиялары мен тиімді жылу оқшаулағыш құрылыш

материалдарын пайдаланылатын ғимараттың құрылыштық ерекшелігін жақсы айқындауын дәлелдеу [1].

Құрылым құрылымдарын жасайтын негізігі материалдың бірі бетон деп білеміз. Яғни, бетонның физикалық, техникалық және жылутехникалық қасиеттерін жақсарту үшін мұнай қалдықтарын күкірт орынына қолдану.

Осы мақсаттар үшін әлемнің көптеген елдерінің ғалымдары мен өндірушілерінің ең тиімді материалдары болып бірқатар бірегей қасиеттерімен ерекшеленетін ұяшықты бетондар саналады. Жеңіл, жылы және жақсы өндөлетін ұяшықты бетон елдің құрылым проблемасын шешуге ықпал етуі мүмкін, себебі минералды шикізаттың текше метрінен ауаны тарту есебінен 3-4 текше метрге дейін жоғары тиімді бұйымдар мен құрылымдарды алуға болады [2, 3].

Ұяшықты бетонның автоклавты емес өндірісі өте перспективалы болып табылады. Әлемде автоклавты емес ұяшықты бетоннан жасалған бұйымдар мен конструкциялардың теориялық және технологиялық негіздерін жетілдіру үшін өндірістік, эксперименттік және теориялық материал жинақталған. Алайда, өндіріс және пайдалану кезіндегі теория мен практикада автоклавты емес ұяшықты бетоннан жасалған бұйымдарда шешілмеген бірқатар проблемалар бар. Бұл тығыздығы бойынша елеулі ауытқулармен қатар, жылу өндеуден кейін бұйымдардың жоғары ылғалдылығы (салмағы бойынша 45% - ға дейін) және тиісінше жоғары шөгу (4 мм/м дейін); цементтің едәуір шығыны (400 кг/м<sup>3</sup> дейін және одан да көп), жарықтардың пайда болуы және ірі габаритті бұйымдарды шығару мүмкін еместігі, бұл оны құрылым практикасында кеңінен пайдалануды тежейді.

Әдеби көздерді талдау нәтижесінде, автоклавты емес ұяшықты бетонның проблемаларын күкірт түрінде мұнай өндеу қалдықтарын пайдалана отырып шешуге болатынын көрсетті, себебі күкірт бетондардың беріктілік және пайдалану қасиеттерін айтарлықтай арттыра алады.

Автоклавты емес ұяшықты бетонды өндіру практикасында, тек қататын цемент энергиясын және тығындалған судың көп мөлшерін (В/Т 0,32-ден 0,6-ға дейін) пайдаланады. Автоклавты емес ұяшықты бетондардың шөгуін және жарықтың пайда болуына сезімталдықты азайту жөніндегі талаптар құрылым практикасында өте өзекті болып қалады [4, 5].

Бұйымдарға жоғары шөгу жылу өндеуден кейін 45-50% - ға жететін жоғары ылғалдылық береді, сондай-ақ буланғаннан кейін тоқтатылмайтын гидратация процестері, бұл туралы беріктіктің одан әрі өсу көрсеткіштері куәландырады, ал автоклавты ұяшықта бетон беріктік өсу процестері автоклавтаудан кейін алынып тасталды.

Автоклавты емес ұяшықты бетонның шөгуін төмендету мақсатында бірқатар зерттеушілер буландыру кезінде температураның көтерілу ұзақтығын және изотермиялық жылудың ұзақтығын ұлғайтуды ұсынады, бұл ретте шөгудің төмендеу әсері елеусіз екенін атап көрсетеді. Шөгуді дірілді немесе әр түрлі ПБЗ-ны пайдалана отырып, су бітеу арқылы азайтуға болады. Алайда, ПБЗ қымбат және зауыттық жағдайларға дірілдік технологияларды енгізуіндің курделілігі тежеуші фактор болып табылады.

Бүгінгі күні жоғары ылғалдылықты төмендету және автоклавты емес ұяшықты бетонның шөгу проблемалары түпкілікті шешілмеген.

Басылымдарды талдай отырып, біз осы міндепті шешу тәсілдерінің бірі ұяшық бетондар технологиясында дәстүрлі емес әдістерді қолдану болып табылады деген қорытындыға келдік.

Цемент минералдары балқытылған түрдегі күкіртпен ( $120\text{-}150^{\circ}\text{C}$  температурада) өзара әрекеттесіп, цемент композицияларының беріктігін және пайдалану қасиеттерін арттыратынын анықтаған бірқатар зерттеушілердің нәтижелері ерекше назар аударапты. Бұл ретте күкірттің кристалдануы гибкоценті полимерлердің кристалдануының жалпы зандарына бағынады, яғни әрбір нақты жағдайда қосылатын күкірт санының онтайлы мәндерінің аймағы бар.

Экспериментті математикалық жоспарлау әдісімен жоғары беріктікпен және берілген тығыздықпен сипатталатын пенобетонның онтайлы технологиялық параметрлері анықталды (ағымдылық, судың шығыны мен температурасы, кеуек түзгіш мөлшері). Бұл-қоспаның ағымдылығы 30 см, судың температурасы  $60\text{-}65^{\circ}\text{C}$ , қоспаның температурасы  $40^{\circ}\text{C}$ , көбіктің мөлшері 0,175 [1, 6].

Күкірттің онтайлы құрамын және кептіру режимін анықтау құрамында күкіртті газ бетон үшін де, пенобетон үшін де енгізген және режим бойынша буланған ерітіндіні құрауыштарда жүргізілді. 3+6+3 үлгілердің серияларын буландырғаннан кейін кептіріш шкафта 120 және  $150^{\circ}\text{C}$  температурада 2 сағат бойы кептірілді.

Күкірт қоспасы мен қыздыру процесінің беріктікке әсерін анықтау және салыстыру үшін құрамына күкірт енгізілген бақылау үлгілері бір мезгілде сыналды, бірақ үлгілер қыздыруға ұшырамады. Режим бойынша буланғаннан кейін 3+6+3 үлгілер  $90\pm5^{\circ}\text{C}$  температурада қысуға сыналды.

Үлгілердің бақылау сериясында 5% дейін күкіртті қосу булаудан кейін сығылған кезде беріктіктің 29,5% - ға төмендеуін туындағы, ал 10% күкіртті қосу беріктіктің 50%-ға төмендеуіне алып келді, күкірт құрамының ұлғаюынан беріктіктің төмендеу үрдісі жалғастырылды.

Біздің жағдайда, беріктік өсімінің болмауын бетон қоспасының құрамында натрий мен калий тұздары, сондай-ақ органикалық және гумус құрамдастары бар кондициялы емес барқыт құмдар

пайдаланылғандырымен түсіндіруге болады. Күкірт натрий және калий тұздарымен қосылыстары беріктік көрсеткіштерінің төмендеуіне әкелетін тұрақсыз байланыстар береді.

Цемент-күл композицияларында  $120^{\circ}\text{C}$  температурада күкірт қосу және үлгілер сериясын кептіру кезінде мүлдем өзгеше көрініс байқалады. Ерітінділік үлгілердегі беріктіктің максималды өсімі  $28,5$ -тен  $45,1 \text{ MPa}$ -ға дейін  $5\%$  күкірт қосылған кезде байқалады. Біздің ойымызша, күштің өсуі орын алады, себебі күлдің құрамында натрий және калий тұздары, органикалық және гумустық қосылыстар жоқ, ал салмағы  $60\text{-}65\%$  шыны тәрізді фазасы бар [3, 4].

Кеуекті бетонның капиллярылы-кеуекті көп компонентті жүйе бола отырып, оның физикалық-техникалық және пайдалану қасиеттерін анықтайтын қаңқаның (арааралық кеңістіктің мембраналарының) қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері бар. А. Т. Баранов пен К. И. Бахтияров жұмысында атап өткендей, ұяшықты бетонның ерітінділік құрамдас беріктігі ең ұяшықты бетонның беріктігі мен пайдалану беріктігінің анықтаушы факторы болып табылмайды, сондықтан жұмыстың келесі кезеңі  $600$  және  $700 \text{ kg/m}^3$  тығыздықтағы ұяшықты бетондардың қасиеттеріне осы компоненттердің әсерін зерттеу болып табылады.


Тығыздығы  $500, 600, 700, 800$  және  $900 \text{ kg/m}^3$  болған автоклавты ұялы бетондарда ішкі кернеулілік артады, әсіресе аморфты кремнезем қоспасы ішкі кернеулілікті арттырады. Цементте  $\text{C}_3\text{A}$  мөлшерінің көп болуы ұялы бетон беріктігінің төмендеуіне алып келеді.

Ұялы бетондардағы күкірттің онтайлы мөлшері 3-5 процентті құрайды. Құрамында воллостонит қоспасы бар, тығыздығы  $700 \text{ kg/m}^3$  болған автоклавты және автоклавсыз газды бетондардың ию кезіндегі беріктік сипаттамаларының ең жоғары көрсеткіші  $10\text{-}12\%$  құрайды. Воллостонит қоспасымен массивті бұйымдарға бөлуден алдыңғы пластикалық беріктігінің есу кинетикасы 160 минутты құрайды, яғни шетел зауаттарының нормаларына сәйкес келеді.

Тығыздығы  $700 \text{ kg/m}^3$  автоқалавты емес ұяшықты бетондар, газолобетон және пенозолобетонды булаудан кейін  $32,7$  және  $34,3\%$  және шөгуден кейін тиісінше  $2,81$  және  $2,95 \text{ mm/m}$  ылғалдылыққа ие болды. Жылдыту кезінде шөгінді деформациялар едәуір төмендеді және  $1,5$  және  $1,73 \text{ mm/m}$  құрады [1, 5].

Қазіргі заманғы құрылыштың маңызды міндеттерінің бірі энергия шығынын қысқарту болып табылады, ал қала құрылышы саясатының басты бағыты шығарылатын өнімнің сапасы мен ұзак мерзімділігін бір мезгілде арттыра отырып, энергияны ұнемдеуге болады. Бұл міндетті шешуге нормативтік базаны әзірлеу ықпал етуі мүмкін, ол кезде тығыздығы  $500 \text{ kg/m}^3$  ұяшықты бетон жылу оқшаулағыштың орнына конструкциялық-жылу оқшаулағыш (өздігінен жүретін) ретінде қолданылады. Мысалы, ГОСТ 21520-89

және ГОСТ 25485-89 бойынша тығыздығы 500 кг/м<sup>3</sup> кем ұяшықты бетондар тек жылу оқшаулағышқа жатқызылған. Энергия үнемдеу бойынша шараларды іске асыру үшін КНЖЕ-II-3 және басқа да нормативтік құжаттар қабылданды, онда жылу берудің есептік кедергісіне қойылатын талаптар үш еседен астам өсті. Жаңа құрылымың нормалары бойынша тұрғын үй салу кезінде сыртқы қабырғаның қалындығы: кірпіштен - кемінде 150, ал ұяшықты бетоннан - 38,5 см болуы тиіс.



Әр түрлі тығыздықтағы газ бетонмен және пенобетонмен салыстырғанда (1-ші суретті қараңыз) жылу өткізгіштік коэффициенті күл-Шығысты пайдалану кезінде және 500 және 600 кг/м<sup>3</sup> тығыздығы кезінде тиісінше 0,11; 0,14 және 0,10; 0,13 Вт/м·°C төмендейтіндігін күеландырады.

Осылайша, ұяшықты бетонның физика-техникалық және жылу техникалық қасиеттерін жақсарту үшін қосымша ретінде күкірті пайдалануға болады, яғни автоклавты емес ұяшықты бетондарды пайдалануды шектейтін негізгі проблема шешіледі [10, 11].

### ӘДЕБИЕТ

1. Ахметов Д.А., Бисенов К.А., Касимов И.К. Влияние структурной пористости на свойства ячеистых бетонов и методы ее определения // Химия и химическая технология. – 2009. - №1. - С. 18-21.

2. Кулибаев А.А., Касимов И.К., Ахметов Д.А. Ячеистый бетон и высотное строительство // Архитектура и строительство Казахстана в новом тысячелетии: материалы научно-техн. конф. Алматы: КазНТУ им. К.И. Сатпаева, 7-8 ноября 2008. - С. 319-321.

3. Предварительный Пат. IAP 20090359. РУ. Способ получения неавтоклавного ячеистого бетона / Касимов И.К., Кулибаев А.А., Ахметов Д.А., Бисенов К.А.. Абдухаликов А.А.; опубл. 16.02.2010., Бюл. № 4.- 2 с.
4. Попов Л.Н., Попов Н.Л. Лабораторные работы по дисциплине «Строительные материалы и изделия»: Учеб. пособие. - М.: ИНФРА-М, 2003. – 219 с.
5. Попов К.Н., Каддо М.Б. Строительные материалы и изделия: Учеб. – М.: Высш. шк., 2002. – 367 с.
6. Рыбьев И.А. Строительное материаловедение. – М: Высшая школа, 2003. – 700 с.
7. Белов В.В., Петропавловская В.Б., Шлапаков Ю.А. Лабораторные определения свойств строительных материалов: Учеб. пособие. – Тверь: Тверской гос. техн. ун-т, 2002. – 111 с.
8. Наназашвили, И.Х. Строительные материалы, изделия и конструкции: Справочник. – М.: Высшая школа, 1990. – 495 с.
9. ГОСТ 2140. Пороки древесины. Классификация, термины и определения, способы измерения.
10. ГОСТ 6139. Песок стандартный для испытаний цемента. Технические условия.
11. ГОСТ 8267. Щебень из природного камня для строительных работ. Технические условия.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается применение нефтеотходов в серной среде для улучшения физических, технических и теплотехнических свойств бетона. Методы анализируются по показателям использования. Будут показаны пути решения вопросов повышения качества и сроков функционирования мобильных бетонов, технологического совершенствования производства.

## SUMMARY

The article discusses the use of oil waste in a sulfur environment to improve the physical, technical and thermal properties of concrete. Methods are analyzed in terms of use. The ways of solving the issues of improving the quality and functioning of mobile concrete, technological improvement of production will be shown.

**ФЫЛЫМИ ӨМІР**

## **ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР**

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
«Болашақ» университеті*

Қалыптасқан Қазақстан және халықаралық аренадағы ел беделінің жоғарылығы әлемдік қауымдастықтағы саяси ақиқат. Бүгінде еліміз дамудың жаңа кезеңіне өтіп отыр. Осы жылдың басында Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында жаһандық бәсекелік қабілет шарттарындағы Қазақстанның үшінші жаңғыруын жариялады. Ал Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласы осы үшінші жаңғыру кезеңіндегі маңызды тарихи құжат болып табылатындығы анық. Ұлт көшбасшысы жаһандану кезеңіндегі ұлттық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктерін талдай келе, XXI ғасырдағы ұлттық сананы сақтау мен дамытудың нақты жолдарын және таяу жылдарда атқарылатын міндеттерді ұсынды. Сондықтан мақала мемлекетіміздің жаңа даму жолдарын айқындастырын және қазіргі жаһандық құбылыстарда қалыптасқан ахуалдағы халық тағдырына ерекше мән беретін іргелі құжат.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық мақаласында: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет», - деп атап көрсетеді. Елбасының осы тұжырымдамалық идеясына сәйкес «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты ғылыми жұмыстарын жалғастырып келеді. Әсіресе, Мемлекет басшысының тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары негізіндегі ғылыми ізденістерге ерекше назар аударылды.

«Болашақ» ғылыми-зерттеу институтындағы ғылыми-зерттеулердің негізгі мақсаты -іргелі ғылыми негіздер мен қолданбалы зерттеулерді дамыту болып табылады. Ғылыми-зерттеу институтының құрамына Космосты зерттеу лабораториясы, Агробиотехнологиялық ғылыми-зерттеу лабораториясы, Әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығы кіреді. Алдағы уақытта педагогика және

филология ғылымдары бойынша жаңа ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу жоспарланып отыр.

2014 жылдан бастап институт чехиялық «Sociosféra-CZ» ғылыми-баспа орталығымен бірлесе отырып жыл сайын «Қазіргі шарттардағы тәрбиенің мақсаттары, міндеттері мен құндылықтары» және «Адам мен қоғам қауіпсіздігі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың мәселесі ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізіп келеді. Сонымен қатар, институт ресейлік «Молодой ученый» журналының арнайы шығарылымдарын дайындайды. Бүгінде біз үйымдастырған арнайы нөмірге «Болашак» университетінің профессор-оқытушылар құрамынан бөлек 56 мекеме қызметкерлерінің ғылыми мақалалары жарияланып отырғандығын ерекше атай аламыз. Үш жыл ішінде жарық көрген 16 нөмірде барлығы 435 мақала жарияланған еken. Бұл шығарылымдарда қазақ тілді ғылыми мақалаларға басымдық беріліп отырғандығын айта кеткеніміз жөн.

Институт жаңындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығы осы оқу жылының басында «Сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасын бастап кетті. Ғылыми жобада Мемлекет басшысының мақаласында айтылған XXI ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртуудың бағыттары болып табылатын бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірігейлікті сактау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығының негізгі мәні, мазмұны мен түсініктері ашылады. Осы уақытқа дейін ғылыми жоба тықырыбы аясындағы бірнеше ғылыми мақалалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі журналдарға, шетелдік басылымдарға, баяндамалар Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарына жарияланды. «Сананы жаңғыртуудың 6 бағыты: мәні, мазмұны және түсініктері» атты монография Алматы қаласындағы баспадан шықты. Бүгінде аталмыш монография үлкен сұранысқа иеленіп отыр. Бұл еңбекті халықаралық деңгейде таныту үшін ғылыми сілтемелердің Ресейлік индексі (РИНЦ) базасында индекстеу бойынша жұмыстар басталып кетті. Алдағы уақытта бұл жұмыстың нәтижелі болатындығына толықтай сенімдіміз. Орталық 2018 жылы тарих ғылымдарының кандидаты А.Т. Еспенбетованың жетекшілігімен «Туған жер», «Киелі Қазақстан» бағдарламаларын жүзеге асырудың мұрағат құжаттарының деректік маңызы» тақырыбындағы ғылыми жобаны бастауды жоспарлап отыр. Орталық мүшелері республикалық деңгейдегі түрлі ғылыми конкурстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Мәселен, философия магистрі Б.Ж. Паридинова осы жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үйымдастырған

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты республикалық ғылыми жобалар байқауының II дәрежелі диплом иегері атанды.

Жаңадан құрылғалы жатқан ғылыми-зерттеу орталықтары да алдағы уақытта тың жобалармен жұмыс жасауды жоспарлап отыр. Мәселен, «Руханият» ғылыми-зерттеу орталығы «Сыр бойының рухани мұрасы» және «I. Есенберлин шығармаларындағы мақалмәттердің аударылу жолдары» тақырыптары бойынша ғылыми жоба жоспарларын өзірлеуде.

Айта кетуіміз қажет, институт жүргізіп отырған жұмыстарынан алынған ғылыми нәтижелер алдағы кезеңдердегі теориялық және тәжірибелік мәселелер бойынша ғылыми ізденістерді жетілдіруге, жоғары оқу орындарының оқу процесінде пайдалануға болады. Әзірленген ұсыныстар мен қорытындыларды мемлекеттік билік органдары, азаматтық қоғам институттары қызметінде қолдануға болатындығына сенімдіміз. Жұмыс материалдарын жоғары оқу орындарындағы жалпы курстар шеңберінде Елбасының мақаласын түсіндіруде пайдаланудың болашағы зор деп есептейміз. Әлемдік жаһандану процесінде өз саласында ғылыми нәтижелер алатын шаралардың үйіткісі болып жүрген «Болашак» Ғылыми-зерттеу институты жаңа заман талабына сай ғылыми ізденістер жолында қызмет етеді.

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашак» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік макалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялады.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31. «Болашак» университеті

Басуға 30.06.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 5.4 б.т. Офсетті қағаз.  
Тапсырыс №167.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашак» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ  
№2 (14)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзкарасын білдірмейді.

Макала мазмұнына автор жауап береді.

«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.